Әдебиет — ардың ісі

Ұш қоңыр

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-konyr.kz №4 (523) 29 қаңтар 2021 жыл

АДАМ ДҮНИЕГЕ ПАТРИОТ БОЛЫП КЕЛМЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: *«Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді.* Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі» *(«Egemen Qazaqstan» газеті, №2, 5 қаңтар 2021 ж.,-1-3-б.б.),* -дейді. Рас-ау! Шынында да, әр тұлғаның тұла бойына патриоттық сезім қалай сыналап енбек? Жуырда Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институты мен Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының бірлесіп ұйымдастырған Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласына сәйкесті «Адам дүниеге патриот болып келмейді» («Человек не рождается патриотом») тақырыбындағы онлайн дөңгелек үстелі осы мәселеге арналған-ды. Аталмыш шараға университет студенттерімен бірге тәжірибелі тәлімгер оқытушылар, танымал ғалымдар шақырылды. Келелі кеңеске «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы модераторлық жасады. Басқосудың беташары Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, өңірге танымал өнерпаз күйші Ғұбайдуллин Ербол Аманжолұлының орындауында Махамбет бабамыздың «Қайран Нарын», «Жұмыр-

Қылыш» күйлерімен ашылды. Студенттердің орындауында ақын Қалқаман Саринның «Тәуелсіздік» (Ернұр Кнамаев, «Филология: қазақ тілі» мамандығы, 4 курс), Саят Құланқыпшақтың «Тәуелсіз Қазақстан» (Темірхан Әзірбаев, «Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы, 1 курс), «Желтоқсан желі» (Данара Төлегенова, «Филология:қазақ тілі» мамандығы, I курс) өлеңдері оқылды. Аса өзекті әрі күрделі тақырыптағы келелі кеңес Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлының кіріспе сөзімен ашылды.

Жалғасы 4-5–беттерде



ЕЛІ ҮШІН ЕМІРЕНГЕН ТҰЛҒА

(Академик Көпжасар Нәрібаев туралы)

Биылғы әлемді жайлаған GOVID -19 пандемиясы салдарынан қаншама жақсы адамдар мезгілсіз дүниеден өтті десеңізші. Солардың бірі – бүкіл қазақ еліне аты мәлім үлкен ғалым, сонау 80-ші жылдары жеті жыл Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрінің орынбасары, үш жыл Министрі, он жылдан астам ҚазМУ-дың ректоры және басқа да көптеген жауапты қызметтер атқарған мемлекет және қоғам қайраткері, академик Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев болатын. «Жақсы адам жанып тұрған шаммен тең» дегендей, шын мәнінде Көбекең үнемі айналасына шуақ шашып, жарық беріп тұратын жақсы кісі еді. Сұңғақ бойлы, тұла бойы қарағайдай тіп-тік, қыр мұрынды, өткір көзді, атжақты, қарасұр өңді, шалқайта қайырған бозқырау шалғын шашы оны сырт көзге сұстылау көрсеткенімен, сөйлесе келсең аңқылдаған ақ көңілмен, жарқылдаған жанашыр сезіммен жаныңды баурап, жүрегіңі жарық түсіретін оны бірден сыйлап, ішің жылып қалатын еді.

Амандасар адамдармен тек күліп,
Көрген емес, көңілінде кек тұнып.
Елі үшін еміренген тұлғаның,
Келбетінен көргендейсің тектілік, – деп ақын жырлағандай, Көпжасар аға шышында текті адам болаты.

Мен сонау 2007 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясына басшы болып тағайындалған соң көп ұзамай академик Көпжасар Нәрібаев аға мені жұмыс орнына іздеп келіп құттықтады.

– Такир шырағым, бұл мекемеге нағыз керек басшы өзің едің, бұл жердің бағы енді жанатын шығар. Аянбай жұмыс істе, академияның шатқаяқтап тұрған шаруаларын жөнге сал, шырағым. Бұл сенің ғана қолыңнан келетін іс, -- деді Көпжасар аға жылы жүзбен. «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» дегендей, бұрын ресми түрде сіз-біз десіп жүретін біз бұдан былай арқажарқа әңгімелесіп кеттік. Ол кісі Білім академиясының жұмысын жолға қою үшін шаруаны неден бастау керегін айтып, ақыл-кеңесін де аямады, Көбекеңнің сол кездегі «шырағым» деп мейірлене айтқан жылылық пен шуаққа толы жалғыз сөзі әлі күнге жүрегімде жаңғырып тұрғандай...

Көпжасар Нәрібаев ағамен білім мен ғылымның өзекті мәселелері туралы жиі пікірлесіп, ой бөлісіп жүрдік. Ол кісі қазіргі біздің Қазақстан жағдайында білім беру саласына ұлттық құндылықтарды барынша енгізіп, ұлттық білім беру жүйесін құруымыз керек деп жиі айтатын еді.

Жалғасы 3–бетте

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЕСІМІ БЕРІЛДІ 2–бет

ҚЫЗ ҰЯСЫ 6–бет

МАХАББАТҚА СЕНБЕСЕМ... 7–бет

КІТАПХАНА - БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ АЙНАСЫ 8–бет

Тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді, қара тырнағына дейін шейін ақындық үшін жаратылған. Сәкен қазақ совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшысы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді.

Ғабит Мүсірепов.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Қарағанды қаласындағы №92 гимназияда Сәкен Сейфуллин атындағы «АЛАШ АРДАҚТЫСЫ» музей – залы салтанатты ашылды. Президенттің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында С.Сейфуллиннің өмір жолымен таныстыра отырып, тұлғаның тарихи-мәдени мұрасын, рухани құндылығын насихаттап, оқушыларға патриоттық сезім ұялату және адамгершілік рухында тәрбиелеу болды.

Ақиық ақын, қоғам қайраткері туралы; Сәкеннің ақиқаттығы жүрекпен сананы оятқан, қанаттандырған. Ол сенім туралы айтса - ол шынайы сезім, ол шындық туралы айтса - бұл рухтың азабын шеккен шындық. Сондықтан осы адамның өткен жолы ерекше. Жолында самғау да болды, жығылу да болды. Сәкен Сейфуллиннің жолы - шынайы жалынды ақынның жолы - деп Мұхтар Әуезов тамаша бағалаған.

Музей – залда Сәкен Сейфуллиннің барельефі орнатылған, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл зал негізгі бес экспозициядан тұрады: Музей - «Балалық шағы. Білім жолында». «Асыл ұлы, жасын үні халықтың, Сәкен аға, төріндесіз тарихтың», «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы», «Сәкен –сұңқар, мәңгі өшпес асыл мұрасы». «Сазы мен сыры, сәні, Сарыарқаның сымбаты болған Сәкен». «Көргендердің көзімен, Сәкеннің салған ізімен».

Сонымен бірге әдебиеттің ақсұңқары Сәкен шығармаларын терең оқып, зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталып, «Сәкентану» кабинеті ұйымдастырылған. Ақынның өз сөзімен айтсақ, Әр қазақтың жадында оқу болсын! Ендігі күштің көбін оқу ісіне салу керек. Қазақстан ел қатарына кірсін деген адам оқу ісіне бар ынтасын салып, жәрдем, көмек қылуы керек деген болатын. Оқушыларға білім мен тәрбие беру кабинетінде «Сәкен – қазақ әдебиетінің ақсұңқары», «Сәкеннің әдеби әлемі», «Сәкен жасай береді» бағыттарымен көптеген жұмыстар атқарылуда.

Музей – залдың ашылу салтанатты жиынына Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы Г.Ш.Кожахметова, Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Н.А.Бейсенбекова, этнограф, өлкетанушы, «АРҚА МҰРАСЫ» ғылыми – ізденушілік орталығының директоры, облыстық Бейнелеу өнері мұражайының экспедицияларды ұйымдастыру бойынша директордың орынбасары Т.Т. Аршабеков, Қарағанды облысындағы БД ОӘО директоры Б.А.Абдікерова, Жаңаарқа ауданы, С.Сейфуллин атындағы музейдің директоры Е.Б.Шубаев қатысып, ақынның бағалы кітаптарын сыйға тартты.

– Гимназияда ағылшын тілі 3-4 сыныптарда вариативті бөлімі бойынша, ал 5-сыныптардан бастап инвариантты бөлімі бойынша оқытылады. Кәсіби бағыттарымыз – жаратылыстану – математикалық және қоғамдық – гуманитарлық білім беру.

Кәсіби білімді ұстаздарымыз республикалық, облыстық, қалалық шығармашылық топтың құрамында жұмыс жасайды, үш педагог – 12 жылдық білім беру оқулықтары жұмыс дәптерлерінің авторлары, үш педагог Білім министрлігі жанындағы Ұлттық тестілеу орталығының штаттан тыс қызметкерлері. Соңғы төрт жылда – 7 түлек «Алтын белгі» иегері атанып, 14 – үздік аттестат иегерлері болды. Гимназияның 14 түлегі – Президенттің «Болашақ» бағдарламасының стипендия иегерлері және Ұлыбритания, Америка, Чехия, Ресей, Қытай, Прага жоғары оқу орындарының студенттері. Гимназияда 20 жыл бойында оқушыларды рухани – танымдық бағытта тәрбиелеу мақсатында этнографиялық мұражай жұмыс жасауда, 2005 жылдан бастап ЮНЕСКО жинағына енді.

Оқу – материалдық базасы бойынша гимназияда: Ақпараттық – коммуникациялық блогі (электрондық оқыту «e-learning» жүйесіне арналған кабинеттер, мультимедия, classmate кабинеттері) бар. Әкімшілік-тәрбие блогінде (әкімшілік, психолог, әлеуметтік педагог кабинеттері); Тарихи - этнографиялық мұражай, заманауи жабдықталған жиын залы, электрондық мұғалімдер бөлмесі, электрондық кітапхана, электрондық оқырмандар залы, арнайы жабдықталған оқу кабинеттері (химия, биология, физика) Өзін – өзі тану кабинеті, кәсіптік – бағдарлы шеберхана жұмыс атқарады. Жабдықталуы жүйесінде: Мультимедиялық подиум, проекторлар, компьютерлер, теледидарлар, интерактивті тақталар, моноблоктар, Classmate, ноутбуктар оқушылардың жан-жақты білім алуына мол жол ашылған - дейді бізбен сұбхатында гимназия директоры Қолаңшаш Сейтімбетова.

Рымтай ШӨКЕЙҚЫЗЫ,
журналист.
Қарағанды қаласы.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКПЕН БАЙЛАНЫС

Қазіргі кезде инновациялық типті экономиканы дүние жүзінің көптеген елдері қолдануда. Аса дамыған елдер инновацияны дамытуды ертеректе бастап кеткен. Қазақстанның да басымды мақсаттарының ең негізгісі – инновациялық жағдайды дамыту арқылы әлемдік экономикалық жүйеге Қазақстанның интеграциялануының нәтижелі жүйесін құру.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа кезең – жаңа экономика» атты мақаласында «Жаңа экономика кең тұрғыда — бұл жоғары технологиялар, ғылымды көп қажет ететін, барлық салалар мен сегменттерде инновациялармен каныққан экономика деп көрсетілген. Экономикадан интеллектуалдық ресурстарға, ғылымды көп қажет ететін және ақпараттық технологияларға негізделген осынау сапалық басқа құбылысқа көшу әлемдік шаруашылықтың барынша маңызды үрдістерінің біріне айналды», – деген сөздері еліміздің даму бағытын сипаттайды.

Ақпараттық технологиялардың үздіксіз даму ғасырында, оларға ауысу және мемлекет пайдасына қолдану жан-жақты қолға алынып жатқан үрдіс екені мәлім. Соған сәйкес оны жан-жақты қамтып, қорғау мемлекет меншігінде. Себебі, Қазақстанның цифрлік экономикаға ауысуы сапалы ақпараттық өнімді талап етеді. Бұл дегеніміз бірнеше ақпарат жүйесін қамтитын электрондық есептеуіш машиналарын, интегралдық микросызба топологияларын, ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпияларын мемлекет тарапынан жоғарғы деңгейде құқықтық қорғау. Сол себепті бұл жүйелер зияткерлік меншік құралының объектілеріне айналып отыр. Бұл бағыт бойынша зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы толыққанды жетілдіру жүзеге асырылып жатыр.

Мемлекеттің бұл бағыттағы нақты міндеті – барынша зияткерлік шығармашылықты көтермелеу, сондай-ақ, тиімді авторлық құқықтарды қорғау арқылы, Қа-зақстанға жаңа инвестициялардың ағымын тарту.

Кез келген азаматтың зияткерлік меншік обьектісі Конституцияға сай заңмен қорғалады. Біздің елімізде Қазақстан азаматтарымен қатар шетел азаматтарының да зияткерлік меншік құқығы халықаралық келісім шарттарға сәйкес заң алдында тепе-тең дәрежеде қорғалуда.

Сонымен қатар, Қазақстан азаматтарының зияткерлік меншік саласындағы жетістіктері халықаралық ұйымдарға мүше мемлекеттердің барлығында да бірдей қорғалады. Азаматтардың зияткерлік меншігін қорғау арқылы, мемлекет олардың шығармашылық өрістің дамуын, сол арқылы ел экономикасының дамуына кепіл болып отыр. Мемлекеттік органдар қазіргі күнде зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырып жатыр.

Өз құқықтары бұзылған құқық иелері сотқа немесе Әділет органдарының аумақтық органдарына немесе арнайы құрылған мүліктік құқықты реттейтін және қорғайтын қоғамдық ұйымдарға жүгінуіне болады.

Осылайша, зияткерлік меншік саласындағы қазақстандық заң оның қорғалу құқығының тиісті деңгейде қамтамасыз етілуіне мүмкіндік беріп отыр. Дегенмен, осы бағыттағы жұмыс одан әрі жалғасады, себебі заман талабына және қажеттілігіне орай зияткерлік меншіктің жаңа объектілері, оларды пайдаланудың жаңа тәсілдері пайда болуда.

Зияткерлік меншіктің қорғанысы әлемдік деңгейдегі елдердің ахуалын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Еркебұлан ЖЕТПИСБАЕВ,
Әділет департаменті Зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің бас маманы.
Алматы қаласы

ЖАСТАРДЫҢ ЖАЛЫНДЫ ЖЫРЛАРЫ

Ескі қазақ баласы өлеңмен қарсы алынып, өлеңмен шығарып салынатын болған. Бұл қазақ рухына анық сіңген мінез еді.

Мұхтар Әуезов

Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Ақ қауырсын» клубының ұйымдастыруымен «MODERN» ұйымының жетекшілері, жас ақындармен кездесу кеші өтті. Бас қосудың мақсаты: ақындардың шығармашылығын оқырман қауымға таныстыру, жас ақындардың шығармашылығын қолдау.

Шарамызға Ақтөбелік қалам тербеп жүрген жас ақындар шақырылып, өз шығармашылықтары жайында әңгіме қозғады. Соның бірі Есенбек Жұмағалиев алдыға қойған мақсаттарымен, жасалап жатқан жұмыстарымен бөлісе отырып, әңгімелеп берді. Қазіргі таңда аударма

саласына көңілі ауып жүргенін сөзіне тиек етті. Қолға алған жұмысы ойдағыдай шығатын болса оқырман қауыммен бөлісетінін хабарлады. Сондай-ақ бірнеше республикалық байқаулардың бас жүлде иегері атанып жүрген, жас ақын Дәурен Тілеухан кешіміздің қонағы болды. Дәурен үлгі тұтар аға буыннан үнемі ақыл сұрап отыратынын айтты. Байқаулар мен ақындар мүшәйрасына қатысып, бағын сынап жүрген жас ақын өзі үшін сәрсенбінің сәтті күн екенін айтып, құпиясымен бөлісті. Ақтөбе облысының мәслихат депутаты атағын алған Жомарт Баймұқан да жақсы жаңалықтарымен бөлісті. Марапатталған сәтінде қандай күйде болғанын, қатты қобалжып қуанғандығын айтты. Әрине, поэзия кеші болғандықтан ақындардан қонақ кәде сұрап, поэзиямен сусындадық. Шара қонақтарының барлығы ауылдарына деген сағынышын білдіргендей ауыл, махаббат тақырыбындағы өлеңдерінен жыр оқыды. Шара барысында ойын да ойнатылды. Әрбір өткізілетін шараға сақадай сай жүретін кітапхана ұжымы осы жолы келген қонақтарға «Шабыт» деген қызықты ойын ұйымдастырды. Ойын шарты берілген ұйқастар бойынша өлең шығару болатын, ақындар бұл сыннан сүрінбей өтті. Есенбек өзіне берілген тапсырма бойынша:

– Ақындықпен несіне мақтанамыз,
Жазған жырдан түймедей бақ табамыз.
Оқырманға титтей бір ой салса егер

Біздер жүрген өмірлік ақталар із!,- деп жауап қайтарды. Ал депутат атанған Жомарт болса өлеңнен қол үзбегенін көрсетіп:

– Жауап бар ма өмірдегі сұраққа,
Мүлгіп тұрған түнгі шатқал қыратта.
Арнасынан асқан асау өзен де,
Мән іздейді, әй, таппайды – ау бірақ та!-деп өлеңдетті. Осы тұста Дәурен:

– Жүрегі жадыраған жақсыларым,
Жалғанда жақсылықтың тапшы бәрін.
Жаныма жақын барлық жандарымның
Сезімін ақ қағазға тапсырамын, - деп жақсы бір өлең жолын шығарды. «Ақ қауырсын» клубының белсенді мүшесі Жанат Ертілеуова:

Үмітті үз, өз еркінде үзбе мейлің
Тек кейде тәтті түс боп енші маған,
Бақытты одан артық іздемеймін,

Алыстан сағынуды еншіме алам, - деп ақындардан қалыспай ойынға атсалысты. Сонымен қоса келген қонақтарға кітапхана қызметкерлері «Алдағы жоспарларыңыз қандай?», «Ақтөбеліктерге жыр кешін ұйымдастыру ойда бар ма?», «Өлеңдеріңізді жинақтап кітап шығару ойда бар ма?» деген сауалдарын жолдады. Шара қонақтары барлық сұрақтарға толыққанды жауап беріп, жоспарларымен бөлісіп, пікір алмасты. Сонымен қатар кітапхана мамандары өлкелік ақындардың өлеңдерін оқыды. Әрдайым ізденісте жүретін ақын жандарға жиын, бас қосулардың әсері мол екендігін айтты. Алда әліде жастармен бас қосулар мен жиындар өткізу жоспарда бар.

Лаура ЕРІККҚЫЗЫ,
Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы.

ҚАСИЕТТІ МЕКЕН – ҚАРАБҰЛАҚ

«Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша туған жер тарихын біліп, ойларына тоқып жүру мақсатында оқушыларға үшін өткізгелі отырмыз. Ауыл ақсақалдарымен сұқбат жүргізіп, оқырмандарға туған ауылын сүюді, туған ауылын қадірлеуді насихаттау.

Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң,
Анау жерде құрбылармен алысқам.
Анау жерде құрбыжанмен табысқам,
Жолдар анау шұбатылып, шаңы ұшқан.
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.

Айналайын, атамекен, ақ мекен,
Қандай қазақ іздеп сені тапты екен.
Айналайын, атамекен, ақ мекен,
Туған өлке тәтті екен ғой, тәтті екен, –

деп жырлаған ақиық ақын Мұқағали ағамыздың өлең шумақтарын тілге тиек етіп, туған жер жайында әңгімемді бастағым келеді.

Әркімнің өз туған жері, кіндік қаны тамған жері бар. «Қасиетті өлкем-киелі мекен- Қарабұлағым» деп, әңгімеге арқау боп отырған ауылымыздың тарихы туралы көнекөз қариялардың айтқанына сүйенсек, біздің «Қарабұлақ» ауылы бастапқыда «Теңдік» колхозы болып аталыпты.

Ауылымыздың хронологиясына көз салсақ, 1928 – 1930 жылдары ескі Қарабұлақ «Теңдік» деген атауға ие болыпты. Ал 1953 жылы ескі колхоздар Подгорныйға қосылған екен. Он жылдан соң, 1963 жылы Жарбұлақ совхозына қосылып, араға бес жыл салып, 1968 жылы Жарбұлақ совхозынан бөлініп, Қарабұлақ деген атпен жеке совхоз болып құрылады.

Тәуелсіздік алған соң, еліміздегі өзгерістерге, қайта құру науқанына орай, 1995 жылы Қарабұлақ совхозы тарап, орына жеке шаруа қожалықтары жасақталады. Қиыншылығы мен қуанышы қатар жүрген осынау қайта құру жылдарында халық та жаңа бағытқа ыңғайланып, тіршілік, күн көріс қамын жалғастыра берді.

(Оқушылардың «Туған жер» туралы өлеңдері)

Содан бері Қарабұлақ ауылы өсіп, өркендеп, адам саны жыл сайын артуда.

Рухани жаңғыру бастамасының үлкен септігі тиіп, ауылымыз көркейіп, жанданып жатыр. Мәдениет үйі, аурухана, балабақша, орта білім беретін мектебіміз бар. Қаншама адам жұмыс орнымен қамтылуда. Кәсіппен айналысып жатқан, еңбекқор ауыл азаматтары да жетерлік. Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығының да тынысы кеңеюде. Атап айтқанда: асыл тұқымды ірі қара мал шаруашылығымен бірнеше шаруа қожалықтары айналысып, түбегейлі қолға алуда.

Өркендей бер, өсе бер, жайнай бер, Ауылым!
Қасиетті, киелі мекенім- Қарабұлағым!

Тоғжан ЖЫЛАНБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарабұлақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

ЕЛІ ҮШІН ЕМІРЕНГЕН ТҰЛҒА

(Академик Көпжасар Нәрібаев туралы)

– Біздің ұзақ жылдар бойы оқып және оқытып келген жүйеміз – Кеңес өкіметі билік құрған кезде қалыптасқан жүйе, – дейтін еді ол. – Кеңестік дәуірде білім беру, оны ұйымдастыру мәселесі өте жоғары деңгейде болды және керемет жақсы біліммен әлемге өзін мойындата білді. Оған дау жоқ. Ал ең үлкен кемшілігі жоғары білімді шектен тыс идеологияландырып жібергені. Бұл білім беру жүйесін партияландыру, коммунистік саясатты оқу үдерісіне жөнсіз тықпалау ісінен айқын сезіліп тұратын. Жоғары оқу орны дәрігер ме, инженер ме, мұғалім бе, заңгер ме, экономист пе, қай мамандықты дайындап жатса да, марксстік – лениндік философияны, капиталистік және социалистік экономиканы (саяси экономияны) СОКП тарихын, ғылыми коммунизмді, ғылыми атеизмді және басқа да марксстік көзқарасты дәріптейтін ілімдерді зорлап оқытты. Ол кезде біздің елімізде ұлттық білім жүйесі мүлде қалыптаспаған еді. Қазақ философиясын, қазақ психологиясын, қазақ тарихын, ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрлерімізді дәріптейтін пәндер бізде оқылмайды. Қазір де оларды толық игеріп үлгерген жоқпыз. Сөйтіп осы ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын дәрістерден жұрдай болып келіп, енді Болон (Италия) процесіне қосылудан кейін кім боламыз, қазақ бола аламыз ба, қазақ болып қаламыз ба? Мені толғандыратыны – осы мәселе. Әрине, әлемдік үдерістерден қалмауымыз керек. Сол үшін өзіміздің ұлттық білім беру жүйемізді, ұлттық моделімізді қалыптастырып алып кірісек, онда әңгіме басқа. Қысқасы, ұлттық құндылықты меңгермеген адам әлемдік өркениеттің шыңына шыға алмайды. Барлық білім, барлық ғылым ұлттық құндылыққа, ұлттық мүдделерге негізделе қалыптасады...

Ұлттық білім беру жүйесі туралы айтқанда Көпжасар Нәрібайұлы шабыттанып, арқаланып сөйлейтін еді. «Жоғары білім ғана емес, білім беретін барлық салалардың ұлттық сипаты, рухани мәйегі болуға тиіс, – дейтін ол. – Білімнің мазмұны, оқыту стандарттары ұлтымыздың тағдырын, еліміздің ерекшелігін, халқымыздың менталитетін ескеріп, жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеуге бағытталуы керек. Осындай мүмкіндігі бар білім жүйесін ғана ұлттық жүйе деп атауға болады. Бұл жүйенің түпкі мақсаты, ең маңызды міндеті – ұлтымыздың рухани өмірін сақтап қана қоймай, оны байытып, халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, сана-сезімін, тарихи және

мәдени құндылықтарын қазіргі адамзат өркениеті биігіне көтеру. Жаһандану заманында өз ұлтымызды сақтап қалудың басқа жолы жоқ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, жоғары білім берудің толыққанды ұлттық ұстыны қалыптастырды деп айту ертерек. Талпыныс бар, біраз игілікті істер атқарылып жатыр. Дегенмен, шешілмей жатқан шаруалар бастан асады.

Көбекең аз-кем ойланып барып сөзін одан әрі сабақтады. Ол кісінің ойынша, кез-келген білім жүйесін ұлттық жүйеге айналдыру үшін оған мықты ұлттық компоненттерді қосу керек. Мысалы, қазақ мемлекетінің тарихи және құқықтық негіздері, қоғамымыздың мәдени-әлеуметтік және экономикалық ерекшеліктері, қазақ философиясы, халық педагогикасы мен ұлттық психологиясы, тілі мен әдебиеті, тағы сол сияқты ұлттық болмысты бейнелейтін пәндердің құрамы оқу жоспарына міндетті түрде енуі қажет.

Көпжасар Нәрібайұлы сол жолы бүгінгі білім беру стандарттарында ұлттық компоненттеріміздің мүлде мардымсыз екенін күйзеле айтқаны әлі есімде. Ол айтса айтқандай, жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары, оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламалары әр мамандық бойынша осы саладағы жетекші университетте құрылған оқу-әдістемелік бірлестіктердің күшімен жасалады. Бірақ олар мамандықтың кәсіби біліктілік талаптарына көңіл бөледі, ал бірақ білімнің ұлттық компоненттерін құрастыру, оның мазмұнын, құрамын, оқыту мерзімі мен әдістерін анықтау олардың қолдарынан келмейді. Сондықтан мұндай ұлттық маңызы бар мәселені бір университеттің меншігіне беріп қоюға болмайды. Мұны Білім және ғылым министрлігі өз құзырына алғаны абзал...

Осылай толғанған академик Көпжасар Нәрібаев бұдан кейін ұлттық білім беру жүйесін құрудың нақты жолдарын айтып берген еді. Бұл туралы кейін көлемді мақала жазғаны да есімде. Оның идеялары бойынша оншақты жылдан бері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Ұлттық тәрбие» пәні оқытылуда. Осы аттас кафедра ашылып, журнал шығарылуда, бірнеше оқулық пен оқу әдістемелік құралдар жарық көрді. Көпжасар Нәрібайұлы университетте ашылған «Ұлы Дала тұлғалары» орталығының жұмысына рухани жетекшілік еткен кісі. Оның жобасымен оқу орнында ондаған белгілі тұлғалармен кездесу, тарихи қайраткерлер туралы ашық дәрістер өткізіліп, студент-жастарды тұлға ретінде тәрбиелеуде көп жұмыс атқарылды. Енді Көбекең айтқан ұлттық білім беру жүйесін құруға еліміздегі бүкіл жоғары оқу орындары жаппай атсалыса, мақсатымыз орындалар еді.

Көбекең білім саласына қатысты көп мәселелерді зердесінен өткізіп, тиісті жерде оны көтеріп те жүргнін білемін. Ол білім, ғылымға қатысты барлық құқықтық құжаттарды жинастырып, Тәуелсіздіктің осынау елең-алаңында-ақ Білім туралы Кодекс дайындау керек дейтін еді. Кейін көпұзамай «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдар, Мемлекеттік бағдарламалар қабылданды.

Мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне ректор болып келгенде Көпжасар Нәрібаев ҚР Ұлттық ғылым академиясынан осы оқу орының қабырғасында ашылған Қоғамдық-гуманитарлық бөлімшесі төрағасының орынбасары екен.

– Такир шырағым, Сіз Білім министрінің орынбасары, бірнеше ЖОО-ның, ғылыми мекемелердің басшысы, республикалық тестілеу орталығының директоры сияқты көптеген жауапты қызмет сатыларынан өткен тәжірибелі адамсыз, бәріне біліміңіз бен қабілетіңіздің жететінін де білемін. Ал бірақ менің де ойларымды тыңдап көріңіз, – деп Көпжасар Нәрібайұлы көп жылдан бері өз ойларын жазып жүрген дәптерін маған сыйлады. Білім министрі, университет ректоры, оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, проректор, Үкімет аппаратының жауапты қызметкері болып, талай-талай асуларды, құз-қияларды бағындырған ағамыздың сол кездердегі ойлары жазылған дәптері менң білім мен ғылым әлемі туралы жасыл жағалауға жетелей жөнелді... Шынында да ол теңіздей терең, шалқар ойдың, адалдық пен парасаттылықтың адамы еді.

Біздің университетіміздің шаңырағында қызмет істеп жүргендіктен, Көпжасар Нәрібайұлымен жиі дидарласып, көптеген маңызды мәселелер бойынша кеңесіп отыратын едім. 2017 жылы маусым айында мен Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне ректор болып келгенде оқу орнының келесі жылы атап өтілетін 90 жылдық мерейтойы туралы сөз бола бастады. Арада бір-ақ жыл уақыт қалғандықтан оған дайындықты осы бастан бастай бермесе болмайды. Сондықтан көп ұзамай мерейтойға дайындықты бастап та кеттік. Оқу орнының ардагерлерімен және басшылық құрамымен кездесіп, жоба-жоспарларымызды қолға алдық. Осындайда өмірден көргені мен түйгені мол Көпжасар Нәрібайұлының тың ойлары мен ұсынстары бізге көп көмегін тигізді. Тұп-тура бір жылдан кейін университеттің мерейтойын кең ауқымда, халықаралық деңгейде өткізіп, қазақ жоғары білімінің абыройын бір көтеріп тастағанымыз бар.

Ұлттық білім беру жүйесін құрайық деп жар құлағы жастыққа тимей шыр-шыр еткен К.Нәрібаев ағамыздың нағыз елін, ұлтын сүйген ұлтжанды патриот азамат болғанын ол кісінің 1986 жылы желтоқсан қозғалысынан кейін басынан өткен оқиғалары мен естеліктерінен анық байқаймызз. Көбекең сол бір қиын-қыстау кезді жиі еске алып отырушы еді...

1986 жылғы ақпан айында Қазақстан Компартиясының XVI съезі өтеді. Сол съезде сөйлеген Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы республикамыздың жоғары оқу орындарында оқып жүрген қазақ жастары көбейіп кеткендіктен басқа ұлт өкілдері, әсіресе, орыс балалары оқи алмай зиян шегуде деп бұрын-соңды ешкімнің ойында болмаған мәселені көтереді. Бұл, әрине, Қазақстан басшысы Д.Қонаевқа Мәскеудің алғашқы шабуылы болатын. Сол шабуылды орталық өз адамдарымыз арқылы жасатып отырса амал бар ма?

Съезден кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып қайта сайланған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сол кездегі Жоғары және

арнаулы орта білім министрі Көпжасар Нәрібаевты өзіне шақыртады.

– Көпжасар, мына біздің хатшымыз қазақтарды көп оқытып қойдыңдар деп екеумізді айыптап отыр ғой, бұған не айтасыз? – дейді.

– Димеке, қай жағынан алсаңыз да бұл орынсыз айыптау. Біріншіден, Қазақстанда қазақтар оқымағанда кім оқуы керек? Екіншіден, қазақ студенттерінің үлесі әлі шектен шығып кете қойған жоқ, дейді Министр К.Нәрібаев.

– оған дерек-дәлелдерің бар ма? Мен саған бір ай уақыт беремін. Осы уақытта әрбір оқу орны, әр облыс және республика бойынша мәліметтерді жинақтап, жүйелеп маған әкеліп көрсет, – деді Д.Қонаев.

– Бұл мәліметтер онсыз да Министрлікте жүйеленіп, хатталып тұрғандықтан К.Нәрібаев оны аз-ақ күнде қайта қарап, сараптап, жоғары оқу орындарында ұлтшылдықтың жоқ екеніне дәлелдер мен дәйекетерді даярлап қойды. Мысалы, сол 80-ші жылдары институтқа әрбір 10 орыс баласының 7-еуі оқуға қабылданады да, ал 10 қазақтың тек 5-еуі ғана оқуға ілінеді. 1986 жылы республиканың барлық ЖОО-на оқуға түсу үшін құжат тапсырған 81 мың талапкердің құжат тапсырса, орыстардың 72 пайызы атанса, қазақтардың 46 пайызы ғана оқуға түседі. Міне, осы екі салыстырмалы цифрмен және басқа да дәйектермен жоғары оқу орындарына қабылдауда ешқандай «ұлтшылдық» белгілері орын алмағанын дәлелдеді Министр К.Нәрібаев.

Тағы бір мәселе, қазақтардың ең көп шоғырланған жері оңтүстік аймағы емес пе?! Сондықтан Шымкент, Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Талдықорған облыстарының балалары оқуға Алматыға немесе өз қалаларына бармағанда қайтеді?!

Орыстарға обал болды, олар қазақ «ұлтшылдығының» салдарынан оқи алмай жатыр деген Мәскеу жандайшаптарының байбаламына да Министр К.Нәрібаевтың жауабы дайын болатын. Орыс жастары жоғары оқу орындарынан гөрі техникумдар мен училищелерге түсіп, ертерек мамандық алып, жұмысқа тез орналасуды қалайтын. Сондықтан республикадағы кәсіптік-техникалық училищелер мен техникумдарда оқитындар кілең орыс балалары болатын. Көбекең Министрлікке қарайтын орта арнаулы және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқитын жастардың ұлттық құрамын анықтап көрсе, бұларда оқитындардың 54,6 пайызы орыстар, 32,2 пайызы қазақтар екен.

Сонымен бірге К.Нәрібаев өз мәліметтерінде тағы бір мәселенің бетін ашты. Қазақстанның шығыс, солтүстік, батыс аймақтарының жастары Ресейдің Сібір және Орал өңірлеріндегі ЖОО-ларға түседі екен. Себебі, оларда конкурс жоқтың қасы – бір орынға 1,0-1,3 баладан аспайды. Ал біздің Қазақстанда бір орынға 2,5-4, ал кей мамандықтарда 5-7 талапкерден келеді екен. Сонымен бірге Ресейдің көптеген ЖОО-лары оқу жылы бітпей тұрып қабылдау комиссияларының өкілдерін Қазақстанға жіберіп, абитуриенттер жинақтайтын еді. Соның арқасында жылына қазақстандық 10-12 мың мектеп бітіруші Ресейге оқуға түсетін. Әрине, олардың дені орыс балалары болатын.

Жоғары және арнаулы орта білім министрі көп ұзамай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа мәліметтерді апарып, өзі анықтаған жайды түгел баяндап береді.

Мұның дұрыс екен, – деп Дінмұхамет Ахметұлы рахаттана күліп алды, – деп еске алатын Көпжасар Нәрібайұлы. – Бұл «ұлтшылдық» мәселесі бекер көтеріліп отырған жоқ, мұның артында тұрған азаматтар бар. Жақын арада Мәскеуден комиссия келуі мүмкін. Олар жоғары оқу орындарына қабылдаудағы қазақ «ұлтшылдығын» дәлелдеп бағуға тырысады. Солардың көзін шындыққа жеткізуге тырысыңдар. Көпжасар айналайын, Мәскеу тексереді екен деп қаймықпаңдар. Ешкімге де жалтақтамай қазақтың балаларын оқыта бер. Иісі қазақтың Отаны – осы қазақ жері. Өз елінде оқымаса, олар қайда оқиды?» – деген Д.Қонаев сөзі қанаттандырған Министр К.Нәрібаев сол жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін де Орталықтың адамдарымен жан аямай шайқасып, қазақ ұлтшылдығының жоқ екенін дәлелдеуге тырысады.

1987 жылғы 7 қаңтарда Орталық Комитетте Желтоқсан көтерілісіне байланысты жиналыс болып, оны жаңа келген бірінші хатшы Г.В.Колбиннің өзі жүргізеді. Ол алаңға шыққан бұзақы студенттердің осы уақытқа дейін жазаланбай, оқып жүргенін, олардың үстінен қылмыстық іс әлі күнге қозғалмай отырғанына күйіп-піседі. «Нәрібаев сасқан жоқ, – деп суреттейді осы бір сәтті жазушы-журналист Көлбай Адырбеков. – Генадий Васильевич, алаңға шықты деп бәрін жаппай жөн-жосықсыз жазалай береміз бе? Егер солардың арасында заң бұзып, қолға түсіп жатқандары болса, базбіреулердің басын жарып, көзін шығарып жатса мақұл-ау. Меніңше, алаңға шықты деп балалардың бәрін бірдей жазалай беру орынсыз. Оның үстіне 40 пайызы студенттер екен. Ал қалғандары ше? Мен жауапкершіліктен қашпаймын. Бірақ неге бәрі маған және студенттеріме үйіп-төгесіздер?!

Колбин жалт берді. «Нәрібаевтың айтып отырғаны дұрыс. Бар айыпты тек студенттерге жаба беруге болмайды. Меніңше ресми мәліметтерге қарағанда, қаладағы зауыттың және құрылыс мекемелерінің жұмысшылары да алаңға шыққан. Араларында қызметкерлері де, инженерлері де бар. Ал оларды кім ұйымдастырды? – ол біршама министрді орнынан көтерді. Бірақ көңіл көншітер жауап ала алмай дал болды».

Желтоқсан көтерілісінен кейін К.Нәрібаев өзіміздің Орталық Комитетте, қалалық пария ұйымдарында отырған көптеген шенеуніктерден көресіні көрді. Ақыры Министр креслосын тастап шығуына тура келді... Көпжасар ағамыздың елін сүйген ел жандылығы, ұлтын сүйген ұлтжандылығы, патриоттық бейнесі айқын көрінеді...

1960 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірген Көпжасар Нәрібайұлы сол жылы Мәскеу қаржы институтының аспирантурасында үш жыл оқып, 1964 жылы сол оқу орнында «Механикаландыру жағдайында есептеудің қазіргі формаларының дамуы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Содан 1964 жылдан 1976 жылға дейін үздіксіз 12 жыл Алматы халық шаруашылығы институтында аға оқытушы, доцент, декан, кафедра меңгерушісі, проректор болып қызмет атқарды. 1973-74 жылы Америка Құрама Штаттарының Нью-Иорк, Принстон, Флорида университеттерінде тағылымдамадан өте жүріп, капиталистік мемлекеттің экономикасын зерттеді. 1976-1983 жылдары – Қазақ КСР Жоғарғы және арнаулы орта білім министрінің орынбасары, 1983-1987 жылдары Жоғарғы және арнаулы орта білім Министрі, 1987-1990 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясы Экономика институтының жетекші ғылыми қызметкері, «Халық шаруашылығын басқару мәселелері» бөлімінің меңгерушісі, 1990-1991 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің экономикалық реформалар жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы төрағасының орынбасары, 1991-2001 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, 2002-2006 жылдары Алматы технологиялық университетінің проректоры болды. бұдан кейін Экономика институтында, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қызмет атқарды.

Көпжасар Нәрібайұлы Жоғарғы және арнаулы орта білім министрі кезінде Қазақстанның білім беру жүйесін кеңейтіп, ғылыми әлеуетін дамыту жолында қажет болып отырған мамандықтар мен жаңа оқу ордаларын ашуға тікелей жетекшілік жасады. Алматы мемлекеттік театр және көркемөнер институты, Рудный индустралды институты, Қостанай ауылшаруашылығы институты, Семей ет және сүт өндірісі технологиялық институты және т.б. ондаған жаңа техникумдар мен училищелер Көбекең еңбегінің жемісі.

Бұл жылдары жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және ғылым мамандарын дайындау үшін аспирантура мен докторантура жүйесі анағұрлым ұлғайтылды. Қазақстандық жас ғалымдарды одақтыі ірі оқу орындарына аспирантураға жіберу көлемін ұлғайтуда да К.Нәрібаевтың еңбегі зор.

Республикадағы ең бас оқу орны С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде ректор болған 10 жылдағы қалдырған ізі де өте айқын. Көбекеңнің университеттің атын ғұлама-ғалым әл-Фараби есіміне көшіруі де үлкен ерлік болды. ҚазМУ-дың автономиялық мәртебе алуы да ректор еңбегінің айғағы. Сол 10 жылда университет жан-жақты дамып, оның аты халықаралық деңгейге танылды.

Көпжасар Нәрібайұлы қай жұмысқа барса да, өзінің ізденімпаздығы мен табанды еңбегінің арқасында жаңалыққа, жаңа бастамаларға жол ашып отырды. Ол кісінің әдебиетке жақындығы, ақынжандылығы да атап өтуге тұрарлық. Көбекеңнің жас кезінде және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін қуғын көріп қиналған сәттерінде жазған өлеңдері осыдан 5-6 жыл бұрын «Жасырын жатқан жырларым» деп аталатын жинағына топтастырылған еді. Бұл жинақты оқи отырып, оның сөз өнеріне үлкен мәдинетпен және парасаттылықпен қарайтын тәптәуір қаламгер екенін ұққандаймыз. Көбекеңнің біраз қазақ жазушыларының шығармаларына жазған талдаулары, пікірлері оның әдебиеттен хабары мол азамат екенін көрсетті. Үлкенмен үлкендей, кішімен кішілей сыйласып, біреуді шәй деп ренжітпеген ағамызды білетіндердің бәрі жақсы көруші еді. Ол өз елін, өз халқын сүйді, отаны үшін алпыс жылдан астам қызмет етіп, соңында жақсы істерін қалдырды. «Жақсы адамның соңында із қалады» деген осы болса керек.

Такир БАЛЫҚБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры

АДАМ ДҮНИЕГЕ ПАТРИОТ БОЛЫП КЕЛМЕЙДІ

Басқосуда педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Абат Қыдыршаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі Мұрат Сыдықов, техника ғылымдарының докторы, профессор Ермек Айталиев, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Владимир Салов, мәдениет және өнер факультетінің деканы, PhD, қауымдастырылған профессор Қарлығаш Қажымова, филология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Әскен Мұханбетқалиев, физика-математика факультетінің деканы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент Дина Әбілқасова, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саясаттанушы Тұрар Шайхиев сынды университеттің танымал ғалым-педагогтары тақырып аясында келелі ойтұжырымдарымен бөлісті. Тақырыптық дөңгелек үстел соңында университеттің ғылыми кітапханасының директоры Тоты Әлімбекерова «Тәуелсіздік – қазақ халқы рухының қайнар көзі» атауымен әзірленген көрме материалдарына кең көлемді шолу жасады.

СЕРҒАЛИЕВ Нұрлан Хабиболлаұлы, *б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты:* Біздің Тәуелсіздігіміз – қоғамдық саяси қайта құру ғана емес. Бұл елеулі деңгейде әрқайсымыздың толысуымыз. Бұл – өмірлік құндылықтарды, тіпті өмірдің өз мәнін саналы түрде қайта парықтау. Бұл- әлемдік өркениет өріне әрқайсымыздың қайта оралуымыз. Президент өз мақаласында: *«Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып-жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз»*, - деп жазады. Әрине, тәуелсіздікке халқымыз оңай қол жеткізген жоқ. Тәуелсіздік жолында аға ұрпақ қаны мен қиналысы жатыр. Алаштың өр ұлдары мен желтоқсанның жалынды жастарының қасиетті арманы мен бізге қалдырған аманаты жатыр. Еліміздің тәуелсіздігін, өркендеуі мен тұрақтылығын көрген біз- бақытты ұрпақпыз. Бұл тек қана бақыт емес, бұлқасиетті міндет. Асыл ағаларымыз бен апаларымыз жол ашып берген ел тәуелсіздігін ардақтау, құрметтеу - әрқайсымыздың жеке ұлы міндетіміз. Мемлекет басшысы өз мақаласында: *«Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет»*, - деп қадап айтқан. Жас мемлекетке барлығын басынан бастауға, дамудың жаңа бағытын таңдауға тура келді. Ең бастысы- еліміздің сыртқы әлемнің толыққанды әріптес ретінде тануы. Қазіргі таңда осы басты мақсат толық орындалғанын нық сеніммен айта аламыз. Қазақстан өзінің барлық көршілері Ресеймен, Қытаймен, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстанмен шекара мәселелерін толық реттеді. Әлемнің ядролық державалары қазақ елінің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне ресми түрде кепілдік берді. Табанды жүргізілген саяси реформалар қорытындысында Қазақстан батыстық демократия ұстанымдары мен шығысазиялық мемлекеттердің алдыңғы қатарлы тәжірибесіне негізделген және өзіміздің көпұлтты қоғам ерекшеліктеріне сүйенген тәуелсіз мемлекеттік құрылымға ие болды. Қазақстандықтар демократия жарлықпен енбейтіндігін, оны әрқайсысымыз өз санамыздан саралап өткізуіміз қажеттігін түсінді. Демократияның негізгі базалық ұстанымдары, атап айтқанда, сөз бостандығы, әділетті сайлау, билік бөлінісі, көппартиялылық, қоғамдық институттар, азаматтық ұйымдар, тәуелсіз сот - мұның барлығы да елімізде бар. Осы жетістіктерді пайдалана білу билікке емес, өзімізге, біздің саяси-құқықтық санамыздың жетілуіне тәуелді. Осы және өзге де мемлекеттік мәселелерді ел патриоттарын баулуда баса ескеруге тиіспіз. Турасын айтсақ, бүгінгі университет студенттері – ертеңгі рухани елтұтқалары. Демек, университет қабырғасында патриот тұлғаларды баулуға акцент берілуі тиіс. Махамбет бабамыз атындағы білім, ғылым және руханият ордасы сынды тоқсан жылға жуық тарихы бар университетіміздің тәрбие бөлімінің, «Рухани жаңғыру» институтының осы игі де ізгі жолда кешенді жұмыс жасауы көңілге қуаныш ұялатады.

ҚЫДЫРШАЕВ Абат Сатыбайұлы, *«Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі:* Қазақстан Республикасы Президентінің мақаласына сүйене айтсақ, адам баласының дүниеге патриот болып келмесі рас. Жастардың тұлға тұрғысында қалыптасуы алған білім мен тәрбиесіне, араласқан әлеуметтік ортасына бірден-бір байланысты. Нәтижеде тұлға азаматтық болмысы қалыптаса келе бірегей ел патриотына айналмақ. Жас патриот өзінің жеке мақсат-мүдделерін қоғам игілігімен үндестіре білгенде ғана, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан жүрегімен сезінгенде ғана нағыз бақыт биігінде болмақ. Ел Президенті: *«Ең ғажайып ерліктер отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз - жалаң ұран тастау емес, еліне, халқына қызмет ету»*,-деп түйеді. Демек, шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе кешенді жұмыс істеудің қажеттілігі айқын. Бұл ретте де Мемлекет басшысы: *«Барша отандастарыма, әсіресе, жастарға айтарым: кең-байтақ Қазақстанды асқақ армандарың мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыратын, табысыңа марқайып, әрдайым тілеуіңді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағалаңдар! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық құдіретіне сенемін»*, - дейді. Мақалада Мемлекет басшысы Тәуелсіз еліміздің басты құндылықтары сапынан туған жерімізді, ана тілімізді, ынтымақ-бірлігімізді баса атауы тегін емес. «Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз»,- дейді Президент. Турасын айтар болсақ, ата-бабаларымыздан сан ғасырлардан бері мұра болған қасиетті жеріміз ең басты байлығымыз емес пе? Қазаққа осынау ұшқан құстың қанаты талар, жүгірген аңның аяғы талар ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға бермегені мәлім. Тарих таразысына үңілсек, қайта жұлып-тартып, бөліп алуға, басып қалуға әуестер қаншама. Бұл мәселеде біздің ұлттық, елдік мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыздың қажеттілігін Президентіміз баса айтады. Енді бәріміз айқын білетін әрі ешқашан бұлжымайтын ақиқат - қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, еш уақытта сатылмайды. Елдің әр ұлтжанды, елжанды азаматының санаға берік түйер қағидасы осы. Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын деуіміздің сыры тереңде. Үлкеніміз де, кішіміз де, жасымыз да, жасамысымыз да осыны бағалай білгеніміз жөн. Демек, жер қадірін білу жалаң ұранмен, бос қызыл сөзбен өлшенбесе керек. Сондай-ақ, еліміздің басты нышандарының бірі - мемлекеттік тіл. Қазақ тілін бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері мен кепілдіктері қалыптасты. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді білу - Қазақстанның әрбір азаматының парызы әрі міндеті. Мемлекет басшысы: *«Мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек»*, - дейді. Дәлірек айтсақ, жеріміздің тұтастығы, тіліміздің саф мөлдірлігі еліміздің ынтымақ - бірлігіне бірден-бір байланысты. Шынында да, бізді қай кезеңде де небір қилы қиындықтардан аман сақтап келе жатқан басты құдіретіміз – еліміздің бірлігі, татулығы. Ынтымағы жарасқан жұрттың, тату елдің қашан да ұпайы түгел болары рас. Еліміздің ұлтаралық келісім саясаты күллі әлемді мойындатқаны да шындық. Осы орайда Президентіміздің: *«Халқымыздың ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл - кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау- мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз. Бүкіл қоғамды ұйымдастыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады»*,-деуі қос қолдап құптарлық тұжырым. Бір таңғаларлығы, қазақ ұлтының дүлдүл тұлғаларының бірі, қайталанбас көсемсөзгері Әбіш Кекілбай да өз тұсында **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** *атты ойлы мақаласын жазған-ды (Кекілбайұлы Ә. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. –Т.8. -1999. -143-149-б.б.)*. Мұны көпшілік қауымның білері даусыз. Заңғар ой иесі Әбіш Кекілбай аталмыш мақаласында: «Тәуелсіз мемлекеттердің бәрі де жаңа заманға лайық жаңармайынша қатарға қосыла алмайды. Оған озық технология, инвестиция және халықаралық қолдау керек. Ол тек орнықты ахуалдағы елдерге ғана көрсетіледі. Сондықтан неоимпериализм, неоколониализм, ұлттық томаға-тұйықтыққа ұрындырмайтын әлемдік ықпалдастыққа ұмтылады. Ол үшін де егемендік пен тәуелсіздік керек. Шынайы ынтымақтастық пен ықпалдастық шынайы тәуелсіздік бар жерде ғана жүзеге асады»,- дей келе: «Тәуелсіздікке қысым жасау демократияға қысым жасауға ұрындырмай қоймайды. Тәуелсіздікке немқұрайлы қарау деген сөз – демократияға немқұрайлы қарау деген сөз. Демократияға немқұрайлы қарау – адам бостандығына немқұрайлы қарау. Оспадарсыздыққа оспадарсыздықпен жауап беріп, тәуелсіздіктің көсегесін бәрібір көгерте алмайтынымыз да рас. Өз мемлекетіңнің тәуелсіздігін қастерлеу, өзің тұратын елдің егемендігін құрметтеу – тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен гуманистік жауапкершілік. Өзі жүрген ортаның алдындағы ғана емес, өз тағдыры алдындағы жауапкершілік. Өзі жүрген ортаның жарастығын ойлаған адам ғана жарастықты дүниеде өмір сүре алады. Тек азат адамдар мен тәуелсіз халықтар ғана дүниеде ондай шынайы жарастық орната алады. Өйткені, халық бостандыққа жетпей тұрып, қоғам бостандыққа жете алмайды. Қоғам бостандыққа жете алмай тұрып, адам бостандыққа жете алмайды. Сондықтан да, бүгін күллі жалпақ әлем бостандықты ту еткен жарастықты аңсайды. Ендеше, адамдар мен қоғамдардың, мемлекеттер мен халықтардың өз еркі өзіндегі тәуелсіздігі – ешкім тіл тигізе алмас қасиетті ұғым. Қазіргі адамзаттың ең басты мұраты, ең асыл игілігі,- дейді. Жеріне жеткізе, шегелей айтылған тұжырымға қалай иланбассыз, қалайша айызың қанып риза болмассыз! Нәтижеде ойшыл ғұлама: «Қолымызға әзер қонған азаттық құсын бір үркітіп алсақ, қайта айналып қонғанша қашан! Олай болса, уақытша қиындықтарға бола мәңгілік мұраттарымызды тәрк ете алмаймыз. Тәуелсіз еліміздің көгеріп-көркеюі жолында күш-жігерді аямаймыз. Тарихтың қандай қатал сынына да табандылықпен төтеп бере аламыз. Өйткені, тәуелсіздік бәрінен қымбат, бәрінен ұлы!» - деп түйіндеуі күні бүгін айтылғандай. Біз қос мақаланың үндестігін аңғарамыз. Біздіңше, осы үрдістегі пайымтұжырымдар бүгінгі жаңа ұрпақты ұлтжандылыққа, елжандылыққа, айналып келгенде ұлтымыздың патриот тұлғаларын баулуда ауадай қажет.

СЫДЫҚОВ Мұрат Наурызғалиұлы, *т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі:* Статья Президента РК Касым-Жомарта ТОКАЕВА «Независимость превыше всего» рассматривает ряд ключевых проблем в развитии современного Казахстана. Немалое место занимает анализ состояния национальной истории и путей ее дальнейшего развития, который по мнению Президента имеет важное научное и практическое значение. На мой взгляд в статье дан анализ состояния истории как науки в стране, и вместе с тем определены основные направления развития, которые актуальны для казахстанского общества. Задачи, поставленные перед исторической наукой Казахстана и состояние самой науки в стране, вызвали некоторые мои размышления по некоторым аспектам в целом и по ряду актуальных вопросов развития отечественной истории: 1.Насущными для современной отечественной исторической науки

АДАМ ДҮНИЕГЕ ПАТРИОТ БОЛЫП КЕЛМЕЙДІ

является необходимость проработки таких проблем как методология современного исторического познания и выработка концепции исторического развития казахского народа, общества и государства; генезис казахского народа, роль личности в истории, качество подготовки кадров историков и т.д.; 2.История в учебном процессе. Разночтения среди казахстанских историков приводят к появлению «сырых» учебников, в результате в учебном процессе в школах и вузах возросла «перегруженность» мелкими темами и обилием цифр и дат. С другой стороны, снижение научности в среде историков привело к резкому росту книг и изданий, которые в народе называют «мифотворчеством». Такая ситуация чревата серьезными последствиями, так как формирует у общества искаженное представление об историческом прошлом, а одностороннее освещение проблем ведет к деградации в целом исторического сознания; 3.Состояние казахстанской исторической науки и научные кадры; 4.Освещение переломных исторических моментов в истории Казахстана. Таким образом, рассматривая задачи, которые стоят перед казахстанскими историками в настоящий момент, в первую очередь необходимо выделить необходимость выработки новой целостной концепции национальной истории. Разработка такой концепции позволила бы соединить воедино все многообразие исторических процессов на территории Казахстана за длительный исторический период, и вместе с тем – события отечественной истории вплести в единое полотно мировой истории. На мой взгляд, важным условием создания такой концепции явилась бы разработка новой периодизации истории Казахстана. Это стало бы основой современного видения основных и узловых этапов истории казахов. Именно обсуждение этой проблемы стало бы началом реального возрождения исторической науки Казахстана.

САЛОВ Владимир Юрьевич, *педагогика ғылымдарының докторы, профессор:* Қазақстан өз саяси дамуында демократиялық даму жолын таңдайтындығын, саяси тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке ие болған алғашқы сәттерден бастап-ақ мәлімдеген болатын. Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев еліміздің дамуында өз келбетімізге тән, өз ерекшеліктеріміз бен өз

тұтыныстарымызға толық жауап беретін демократиялық саяси құрылымдар мен институттар жүйесін дамытуды қолдап келеді. Қазақстан Республикасының демократиялық дамуының маңызды жетістіктерінің бірі - діни төзімділік пен ұлттық келісім негізінде саяси тұрақтылықты сақтау. Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында: «Халықаралық қоғамдастықта біздің елімізде тұрып жатқан және Қазақстанның біртұтас халқы болып табылатын барлық ұлттар өкілдерінің ұстамдылығын, конфессияаралық және мәдениетаралық татулығын қамтамассыз етуге бағытталған сара саясатымыз барынша танылып отыр»,- деген-ді. Иә, Қазақстанның геосаяси жағдайы өте күрделі. Біздің еліміз әлемдік үш діни-мәдени өркениеттің қиылысында тұр. Бұл тұста мұсылман, христиан және буддистік-конфуциандық діни-мәдени өркениеттердің игі әсерлерін де, теріс ықпалдарын да жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан ұлтаралық татулық пен діни келісім аймағындағы саясатымыз игі әсерлерді марапаттап, теріс ықпалдарды қатал жойып отыруға бағытталуы тиіс. Осы істерде шешуші рөл еліміздегі этномәдени орталықтар мен дәстүрлі діни ұйымдармен қатар, мемлекеттік органдарға да жүктелетіндігі сөзсіз. Президент мақаласында : «Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік сарапшылардың елімізге қатысты «Еуразиядағы шырпы тисе лап еткелі тұрған құрай», «failed state» сияқты болжамдарын жоққа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы Ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлтына қарап бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек»,-деп салмақтайды. Демек, қазіргі таңда экстремизм мен радикализмнің саяси-идеологиялық мазмұннан гөрі, көбіне діни немесе ұлттық сипат алып бара жатқаны шындық. Сол себепті, біздің баршамызға, ең алдымен мемлекеттік қызметкерлерге діни және ұлтаралық қарым-қатынастарда білімдарлық пен қырағылық қажет деп білеміз. Ал кейінгі патриот жастарды осы іспетті елдік құндылықтар аясында баулығанға не жетсін!

ҚАЖЫМОВА Қарлығаш Рахымқызы, *мәдениет және өнер факультетінің деканы, PhD, қауымдастырылған профессор:* Қазақ халқы –тарихи этнос ретінде қалыптасқан уақыттан бастап еңселі ел болуды қашан да армандап, мақсат тұтқан халық. Осы мақсат жолында қазақтың талай арыстары өздерінің өмірін арман жолына сарп еткені тарихтан белгілі. Біз тарихтан дарынды жеке тұлғалардың елдің тарихын түбегейлі өзгертудегі рөлін жақсы білеміз. Осы тұрғыдан алып қарағанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы – Елбасының Стратегиялық

Жолдауларының жалғасы. Бұрынғы ұзақ мерзімді Жолдауларда басты назар елдің экономикалық дамуына аударылса, аталған саяси мақалада негізгі мәселе Қазақ жастары мен ел халқының рухани санасы мен отансүйгіштік рухын жандандыруға, тәуелсіздігіміздің қадірін ұғындыруға арналған. Мақаланың «Таным мен тағылым» тармағында қазақ тарихына баса көңіл бөлу қажеттілігі мен ел тарихын әлемнің беделді тілдеріне

аудару керектігі көрсетілсе, «Қоғам мен құндылық» бөлімінде мемлекеттік тіл мен ел бірлігіне арнайы назар аударылады. Мақаланың «Ұлағат пен ұстаным» тарауында мемлекетіміздегі демократияландыру, саяси үрдістердің даму үрдісіне және ел жастарының отан алдындағы парызына бойлайды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы: *«Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет»,* - деп жазады. Қазіргідей жаһандану үрдісі белең алып, көптеген ұлттар мен ұлыстар өздерінің туған тілі мен ұлттық құндылықтарын жоғалту алдында тұрған кезеңде аталған тақырыпта ой қозғап, ұлт пен мемлекетке айқын бағдар беретіндей бағдарламаның қажет екендігі анық. Үшінші мыңжылдық тоғысында бәсекелестік, жаһандық қауіп-қатерлер мен кейбір құндылықтардың жоғалу қаупі төніп тұрған шақта Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың аталған мақаласы дер шағында жарияланған құжат дер едік. Осы құжат арқылы еліміздің ғылыми қоғамының әлеуеті, оның ішінде мемлекет идеологтары қатарына енетін педагогтар да, мәдениет және өнер саласының қайраткерлері де өздерінің болашақтағы жұмыстарына қажетті бағыт-бағдарды айқындап, қандай жолмен жүретіндігін нақтылары сөзсіз.

ШАЙХИЕВ Тұрар Төлегенұлы, *Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саясаттанушы:* Еліміздің кез-келген азаматы ел Президентінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласын оқығанда еліміз үшін мақтанышпен бірге Отан тағдыры үшін жауапкершілік сезімінде болмақ. Қилы тағдырлы халқымыз тәуелсіздікке жетуде, елді қорғауда «тар жол, тайғақ кешуден» өтті, бұл -біздің ата-бабаларымыздың аманаты, біздің ұрпақтар алдындағы парызымыз. Батыс елдері саяси жүйені демократияландырудың жоғары деңгейіне ғасырлар бойы бет бұрды. Біздің тәуелсіздігімізге небәрі – 30 жыл. Осы жылдар ішінде еліміз либералды саяси жүйе мен бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканы құруда жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Өзара сыйластық пен төзімділікке негізделген этносаралық қатынастардың қазақстандық моделі әлемдегі ең үздіктердің бірі тұрғысында танылды. Осының арқасында еліміз этникалық және конфессиялық негіздегі толқуларсыз өз жолымен жүрді. «Тәуелсіздік бірінен қымбат» атты мақаласында ел Президенті ең төменгі аумақтық бірліктерді жергілікті өзін-өзі басқарудан бастап, елдің барлық саяси жүйесін кезең-кезеңмен реформалауды ұсынады. Президент жарияланған саяси реформаларының басты ұстанымы ретінде: *«Саяси жаңғыру барысында асығыстыққа бой алдыруға және жалаң ұранға еріп, мемлекеттік жүйені дағдарысқа ұшыратуға болмайды. Бір сәтте барлығын түбірімен өзгерту неге әкеп соқтыратынын кейбір елдердің бүгінгі ахуалынан көріп отырмыз. Еліміздe, ең алдымен, адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық»,* - деп ой түйіндеді. Мемлекет басшысының: *«Қазақстанның саяси жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Мәжіліс депутаттарының биылғы сайлауы – көппартиялы Парламентті орнықтыру жолындағы маңызды қадам. Бізде саяси көзқарастары әртүрлі партиялар бар. Олардың ұстанымдары консервативті, либералды, ұлтшыл, социалист және тағы басқа болуы мүмкін. Бұл – табиғи үдеріс. Саяси плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді. Саяси күштер осындай әралуан болса да, баршасын біріктіретін және бәріне ортақ құндылық бар. Ол – қастерлі Тәуелсіздік»,*-деп жазуы зиялы қауымды ойлантпай қоймайды. Ел Президентінің пікірінше, біздің көзқарастарымыз бен ойларымыз әр түрлі болуы мүмкін, бірақ соған қарамастан, бәріміздің ойымыз ұлттық құндылықтармен астасуы аса қажет.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
«Үш қоңыр» газетінің меншікті тілшісі

Әйгерім АЛДОҢҒАРОВА,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде өзіндік үлкен орны бар романдар мен көптеген повестер, хикаяттар, әңгімелер, өлеңдер мен әндердің авторы, көрнекті жазушы, ақын, сазгер Базархан Жақыбаевтың мына «Қыз ұясы» атты тарихи повесінде Жоңғар шапқыншылығы тұсында Алатаудың Демікпе, Кенеу асуларында қалмақтардан қашқан қос ғашықтың жау қолынан қайғылы қазаға ұшырағаны туралы шығармаға арқау болған. Сол сияқты «Құзға құлаған қос сәби» повесіндеде өткен ғасырдың 30 жылдарды Кеңестік қызыл жендеттерден жан сауғалап Қыайға қашқан елдің тау асуларында шығын болғаны туралыда тартымды әңгімелейді. Осыған қарап жазушының өткен тарихты жетік білетіндігі өзен – көлі, тауы – тасы, жері аттарын жатқа білу арқылы оқырмағандарға бағалы этнографиялық байлық ұсынып отырғанын байқаймыз. Афоризмдік сөздермен байланыстыра жазылған шығарманың тілі шұрайлы, маңызы құнарлы. Оқырмандарды өзіне тартып, жетелеп отыратындығына сенімдіміз.

Қыз ұясы

ПОВЕСТЬ
АРУДЫҢ АТЫ ҚАЛҒАН ҚҰЗ ҚИЯДА

Тарихтан тамыр тартса сөз,
Тартымды тағлым айтылар.
Көргені көп көне көз,
Болашаққа бой тұмар.

Биылғы көктем былтырғыдан ерте басталды. Күздегі жаңбырдың әсері ме, қыстағы қардың еруі қосылып жердің көгін ерте жетілдіріп жіберді. Жас төлдеген малдардың аузына наурыз бастала ілккен жасыл бетеге қыстан кілдіреп шыққан аш арыққа ес жиғызып үлгеріпті. Сәуір басталысымен төрт түлік өріске ұзап барып балаусалы сай – саланы қаузап қайтатынды шығарған. Көктем келіп, көгімен қарық етеді. Ерте тойған төрт түлік егізден төлді ертеді, - деген осындайдан айтылса керек. Сәуірдегі екі рет жауған ақ жаңбырдан кейін қойтастың қоңыр белі қызылды – жасылды түрге бөленген. Қыстың қалың қары мен үскірік боранынан алты ай бойы бұйығып үйден шыға алмаған ел – жұртта өзен – көлге ұшып келіп қонып жатқан құстарға қызықтай, күннің шуағына кенеліп жетісіп қалды. Тай – құнанмен шапқылаған бала – шағаның да шуы тіпті өзгеше. Алты ай қыс көрісе алмаған жақын - жұрағаттардың есендігін есіне алған ағайын арасында барыс – келіс басталып жүре берді. Ауылдан алыстау бел астындағы бұлақ суы тасып ішуге барар жолды бекіткен қардың қалыңдығын желеу еткен қыз – келіндер жол ашылғанша қазанға еріткен қарды ас – ауқатқа жаратып жататын. Соңғы кездері көк иісі көңілдерін көріктендіріп жіберді ме кім білсін? Иінағашқа шелегін іліп иығына асынып, сәндене киінген қос етек көйлек бұрақ белдер бұрала басып, майда құрақ жағасын көмкерген мөлдір бұлақ басына қарай жиі-жиі қыр асып бара жатқанын көресің. Бастарында үкілі тақия, қыпша бел мен мықынды сипай соғып, қолаң шашпен қоса өріліп ырғақты жүріске дем бере сыңғырлаған шолпының қылықты үні алыстан арбап, мен мұндалайды. Көргендердің көз жанарын баурай түссін дегендей бойжеткендер өздері де байқамаған сыңай танытып ырғала түседі.

Күні бойы асаумен алысып, жүйрікпен жарысып қызық қуған боз балалар аруларды алыстан байқап қалды ма, күтпеген жерден бұлақ басына таяу келіп шелегімен су ілуге ұмтылған қыздарға үйірсек көңілмен айналсоқтай беріп:

– Амансыздар ма, бойжеткендер! Сіздерге су алысып, иінағаш көтерісіп жіберсек болар ма екен? – деп аттарын жетелей алдарында қиылып тұрғандарына риза көңілмен:

– Үйге дейін жеткізіп бересіздер ме? - деген қыздар да сыңқылды назбен сызыла әзілдеп қояды. Жаңыл қыз кеше ғана жеңгесімен еріп, ана беттегі бозқараған арасынан шөмшек тере бастағанда аяқастынан қастарына пайда бола қалған жігіт – қыздар кеште Оспанбек байдың ауылында алтыбақан құрылады екен. Соған шақыра келіп едім – деген. Амал не үйдің үлкендері жібермей – ақ қойып еді. Ол да мына шелек көтергіштердің ортасында жүр екен.

– Өзі жақсы жігіт көрінеді, - деп қояды ішінен. Көзін жігіт жаққа бір төңкеріп өтіп.

Осы Қойтас өңірінің сай – саласы түгел қыстау. Малға жайлы жер. Әсіресе, жылқы мен қой малы үшін шөбінің шүйгіндігіне жер жетпейді. Қысқы жылқы тебінгісінен қалған шөппен ірі қара көктемге шығып кете берді. Сондықтан болу керек осы жердегі шаруа баққандардың қорасы аз жылда құт – берекеге айналып жүре беретін. Баласына енші бөлген байлар екі-үш жылдан кейін отау иесінің тіршілігіне қызыға қарай ма кім білсін, ұлының үй жағын иегімен нұсқап қойып:

– Мынаны әкесіне жете туады ма деп ойлаушы едім. Бұл өте туғандығын көрсетіп қалыпты – дейді күлкісінен бір мақтаныш сезімін бірдіргендей. Сол Қойтастың шығысында қыстап отырған Құсанбек байдың да малы биыл шығынсыз төлдеп ерте өрістеп кеткендіктен шаруа иесі көңілді еді. Жеті атасынан бері осы Қойтас құт мекені. Мал кіндігіне айналған қордалы қонысы. Мамыр айы туа жайлауға жылжитын Құсанбектің малы сонау Кіші Өсекті бойлай Керегетас, Көксай, Мың қойдың жайлауы. Тіпті анау Сатылының басына дейін барып қайтады. Бағана ана үй жанындағы төбеде айналаға көз салып тұрған, Құсанбектің ойына:

– Биыл күн осылай жайлылығын жібермесе, қыстауда отырғандар жайлауға ерте жылжып кететіні түскен. Ел болған соң алыс-жақындағы ағайын-туыс, жекжат-жұрат пен амандық- саулық білуге қыс бойындағы ауыл арасының қашықтығы мұрса бермейтіні рас. Міне, енді-енді жер арқасы кеңи бастаған кезде ауыл басшыларының, ру ақсақалдарының, құда-жегжаттарының есендіктерін еске алып, іздей барып аунап – қунап қайту атамыз қазақтың салт – санасына айналып кеткелі қашан. Осындай жыл сайынғы тілеулестер арасындағы үзілмес көңіл арқауы биыл да жалғасын үзуге тиіс емес. Қазақтың күн суый соғым айы басталғанда, соғым басын беру, одан кейін түстену кәдесі, ауыл үлкендеріне, ру ағаларына, құда – жегжаттарға арнайы соғымнан сыбаға дәмінен ауыз тигізу. Осындай салт – дәстүрі арқылы елдің ауыз бірлігі, ынтымақ – берекесі нығайып жататындықтан, «бір шәугім шәй қазақтың бөлінбеген еншісі»,-деп атап кеткен. Сол сияқты ағайынның татулығы дәмімен бүтін ғой. Қыстың күні көңілі жақын, сый – құрметіне айналсоқтай қызықтап жүрген Құсанбекке әйелі Ұлтай:

– Не қарап жүрсің? Осы жерге бірдеме жоғалтқандай көп қарай бердің ғой, жүрелік енді, – дейді күйеуінің бетіне қарап. Құсанбек жүрер алдында балдырған жас шыршаға жалтақ – жалтақ қарап бара жатып өзінше күбірлеп:

– Бойжеткен қыз кімнен қашып мұнда келіп бой түзеп тұр екенсің. Сенің атыңды «Қыз қарағай», - деп атаған жөн болар, - деді де атын сипай қамшылап жүріп кетті. Жолаушылар Жауырын байлағанның қырқасына шыға бере Құсанбек әдеттегісіндей Белжайлаудың қатпарлы шыңдарына қайта көз салып келе жатқанда

лайық ағайынның ауылы алыс тұратындықтан өздеріне арналған соғымның кәделі сүрісінен көктем шыққанша кебеже түбіне сақтап қоятындығынан, атамыз қазақта «еске алсаң, ескі асыңнан сақта», – деген мақалы тараса керек. Көктем шыға қар еріп жан – жаққа жол ашылғанда арнайы шақырып, қонақ етіп, болмаса әдейілеп ауыл иесіне апарып, өз шаңырағында табақ тартылатыны. Бұны қазақ сыбаға тартуы дейді. Бұл, соғымның кәделі сүйегі, жамбас, қазы – қарта, жал – жая, омыртқа болып аталады. Ел арасында кең тараған қазаққа ғана тән осындай дәстүрді Құсанбекте мықтап ұстанатын. Сондықтан соғым сойылған күннен бастап өзі сыйлайтын, өзін де сыйлай білетіндерге кәделі жіліктер жекелей сүрілетіп, кебежеде сақталынады. Ауылы жақын ағайын уағында келіп дәм татып, риза болып қайтып жатса, алыс ағайындарға арналғаны жаз ортасына дейін сары майдай сақталумен тұрады. Осыларды ой елегінен өткізе тұрып Құсанбектің есіне ана Қарағайлыда қыстап отырған ауылының үлкені, ру басшысы Ырысбек ақсақалдың орала кеткені. Былтырғы күзде етекке түсіп әркім өзінің қысқы қонысына бет алғаннан бүгінге дейін бір рет қатысып, елдің есендігін білісе алмай, өзін кінәлідей санап жүрген Құсанбек ішінен:

– Қадірлі қарияның алдына барып, сәлем беріп, кішілік парызымды өтемесем, үлкен алдында ұяттан безгендік болар. Енді кешікпеген мақұл, - деді өзіне, үйге қарай аяңдап бара жатып. Күндегіден ертерек малды өріске айдатқан Құсанбек ертеңгі шәй үстінде әйелі Ұлтайға:

– Бүгін ана Қарағайлыдағы Ырысбек ақсақалдардың ауылына амандасып қайталық. Сонау былтырғы күз басынан қатысып, ел – жұрттың амандығын білісе алмай ұятты болғандаймыз. Өзіңде білесің ата – тегіміз жағынан ол кісінің жолы да, жасы да бізден үлкен. Сондықтан соғымнан сақтаған сыбаға жолында ұмытпай ала барғанымыз жөн болар. Қоржыныңды тоқтай бер. Біз Асанбай екеуміз жолға ат дайындата берелік, - деп ұлын ертіп есікке беттеді. Аттылар Ақдала жазығын қиялай өрлеп, Бурақожыр өзеніне құлап ағар Белбұлақ сайының тұсындағы тар шатқалына жеткенде күнде төбеге келіп қалған. Батыс пен шығысқа көсіліп жатқан Белжайлаудың кең аңғарынан көктемдегі көк мұнарлы көрінісі сонау Ақтасты шыңынан асып келе жатқан қазбауыр бұлтпен астасып, Құсмұрын басындағы қарағайлы тау жоталарына қарай баяу жылжып келіп тоғай арасына сіңіп жатқандай көрінеді. Құсанбек көктемгі таулы өлкенің көрінісіне манадан сүйсіне қараумен келе жатқан. Көзі Белжайлаудың әдемі көріністерін қызықтап келе жатса да, өзі сол Ақдала жазығын өрлей Дулат шоқысы тұсына таяп қалған еді. Бір кезде шоқы тұсынан өте бергенде көзі жазық далада түп жағы айнала жатаған аршамен көмкеріліп өсіп тұрған жалғыз балашық қарағайды көріп қалып, таңданған бойда тұрып қалды. Әдемі – ақ екен деді сүйсіне қарап. Біреу әдейілеп әкеліп егіп қойғандай көз тартарлық көрініс беріп тұр. Жас қарағай үлкен – үлкен тастар арасына, жайылып өскен аршаның арасына бұғынбақ ойнап тығылып тұрған сәукелелі бойжеткен қыздай көрініп кетті Құсанбекке. Одан басқа жақын жерде өскен бірде-бір бұта болсашы. Жас қарағайды сонау көз ұшындағы Шатыртас еміс – еміс байқалғандай болды. Басына бүркіт ұя салған құз құламадан қос жанарын тағы да айыра алмай келе жатқан Құсанбек:

– Құс баптасаң көзің болар аспанда,

Қыран басар қырдан түлкі қашқанда, – деген мақал өмірден алынған ғой. Менің көзім де аспанға асып кетсе керек, – деп жымиып қойып. Қайта Шатыртасқа көз салғаны сол еді, биікте қалықтап жүрген ұябасарды көріп сүйсініп қалды. Балапан әлі жұмыртқасын жармаған болар, – деді тағы да. Балапан көрінген күннен бастап бүркіттің қалықтауы азайып, жем тасуы көбейеді. Қомағай балапандарын қалыпты тамақтандырмаса, жетіле алмайтынын жаратылыс бұларға ерте сезіндірген. Өткен жылы мамыр айының бас кезі еді. Кешкі қой қораланып жатқан. Иттер үрген жаққа көз салған Құсанбек, Қосшыбай аңшының қасында Шалғынбай бүркітші бар осылай қарай келе жатқанын байқап, есік алдынан тосып алған – ды. Олардың кештете келісіне қарағанда қона жататынын біліп күтіп тұрған үй иесі:

– Ассалаумалейкум! Қош келдіңіздер! – деген жылы жүзді амандықтан соң:

– Уағалейкум ассалам! Ой Құсанбек, өзіңе құдайы қонақ болып келіп тұрмыз. Тау жаққа беттеп бара жатыр едік, – деп қолын бір сермеп алып аттан түсе берді. Төрге жайғасқан аңшы қонақтардан ел – жұрт амандығын дастархан үстінде білісе отырып:

– Қосшы аға, – деді Құсанбек өзінен бес – алты жас үлкендігі бар аңшыға қарап.

– Ия, Құсанбек, айта бер не сұрамақ едің?

– Қосшы аға, бағана келген сәтте тау жаққа бара жатыр едік дегендей болып едіңіз. Жайлауға әлі ел көшіп бара қоймады ғой. Оның үстіне қалдырмай ертіп жүретін тазыларыңыз бен бүркіттеріңіз де көрінбейді. Сыбай-салтаң жүріп кетіпсіздер. Сол жақтан жоқ іздеген жоқшыдай көрінесіздер.

– Құсанбек, шырағым, дұрыс айтасың. Бұл жолы өзің айтқандай тазы да ертпедік, бүркіт те алмадық. Ана бір шиті мылтық пен он екі құлаш қыл арқанмен ғана шығып келеміз. Өйткені қазір аң біткеннің бәрі төлдеп жатқан кезі ғой. Ұстауға обал. Өткенде ана асудың етегінен қасқырдың ұясын тауып, бөлтіріктерінің тірсегін қиып бері шыққанымда қарсыдағы Шатыртас биігінен бүркіттердің қалықтап барып сол жартас арасындағы ұясына қонғанын байқап қалып едім. Біраз бақылап, жұмыртқа басып жатқанын білдім. Одан бері де біраз уақыт өтті. Балапандары жетіліп қалған да болар. Алла сәтін салса, ертең сол қыран балапаны бізге бұйырама деп отырмыз.

– Ой, бәрекелді, істеріңіз оңынан болсын! Тұлпар мініп, сұңқар ұшырған тектінің терлігінен едік, - дегендей екеуіңіз де арғы аталарыңыздан жүйрік мініп, қыран баптаған жақсыдан тарағансыздар. Өздеріңіз де ат жалын тартқалы, құмай, тазыны күшігінде ауыздандырып, қияндағы тағы қыранды қиналмай қолға үйрететіннің нағыз өздері емессіздерме. Баптаған сары ауыз балапанды жылға жеткізбей аңмен алыстыратын, түз тағысын аяндырмай айқасқа түсіріп, қырдағы қызық өмірдің қылығынан құмар тарқататын жүйріксіздер ғой. Бұл жолы да бөктергіні сайлап, қанжығаны майлап қайтарларыңызға сенімдімін. Бағанадан сөз төркінін бағамдап отырған Шалғынбай бүркітші шыныдағы шайын асықпай ұрттап қойып, үй иесінің сөзіне орай:

– Тілекті сөзіңе рахмет, Құсанбек інім. Қуанышты үміт қуат көзі, жігеріңе жол сілтер, – деген. Сен айтқандай игілігі мол, ізгі ниеттен туындаған сөз емес пе? Жақсы сөз жарым ырыс, – деген. Айтқаның келсін! Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы біз сияқты далада еркін өскен қазақтардың құс салып, ит жүгірткендегі көңілінің көтеріңкілігі, нағыз қызықты өмір екендігін өздеріңде білесің. Сондықтан екі үйдің бірінде аң қууға бапталған сайлы жануарлары күздің алғашқы қарынан, қыстың соңғы қырбағына дейін дала төсінде қансонарда із кесіп, иесіне олжа салуынан бір жалықпайды. Соның өзі тіршіліктегі бір ғанибет тірлік деп білем.

– Дұрыс айтасыз, Шалғынбай аға. Өткен күзде осы таудан сіз аю алыпты, - деп естіген едім. Сол шынба, қай жерден ұстап жүрсіз?

– Ол рас, Құсанбек інім. Ана Жалайырдың Сарытор жайлауынан ел етекке түсіп, бос қалған қоныстарда тышқан аулаған түлкілер жүретінін тау аралап жүріп көріп қалатынмын. Суық күзде түлкі терісінің жетіліп, жәудірлерінің есейіп қалатын кезі. Қасымда осы Қосшыбай екеуміз екі бүркітпен сол елі көшіп иесіз тұрған жайлауға кештете жетіп, ана «Қыз ұясына» жақын қалқа тасқа қонып жаттық. Ондағы ойымызда таң ағара жұрт – жұртта тышқан аулаған түлкі өріп шығатындығы. Айтқанымыздай шығыстан таң қылаң бере бізде төбе басына шыға келгенбіз. Біз білгендей – ақ ескі қоныстан азық іздеп жүрген таудың қырмызы қызылына қарай қыранның томағасын тартып үлгергенбіз. По, шіркін, түнімен аш құрсақ, таңды ширығып атырған қырағы жануарлар тау тағысын тақым арасына бүріп әкеп қоқақтатып астына басып отырып, - мені көрдің бе? – дегендей қораздана айналасына отты көзін тастап өткенін көргенде өзің де қыран болып кеткің келеді – ау шіркін. Басқан олжасының жүрегі мен тілін суырып, жылыдай жұмырына жұқтырғанда барып, – маған тапсырылған жұмысты ойдағыдай орындадым, – деген рай таныта қанатын қомдай дүр сілкініп, иесінің қол тұғырына барып қонақтап үлгеретінін қайтерсің. Осындай сүйкімді сұлу көрініске сүйсіне қарап тұрғанда:

Толықсыған арудай тоят алып,

Жалын шарпып, жаныңды мейір қанып,- деген өлең жолдары ойыңа орала кетеді екен. Сол күні қосқостан түлкі терісін сілкіп алып, қанжығаға байлап, түс ауа ауылға ат басын бұрғанбыз. Ойымыз Маралды тауы арқылы Майлысай жолымен Ақтекшеге түсу еді. Жолда күн кешкіріп кеткендіктен Маралдыға жетіп, ат тынықтырмақ оймен жол бойынан атып алған арқардың тұсағын бөктергіден түсіріп от жаға бастағанбыз. Бір кезде қаңтарулы тұрған аттар осқырынып, сезік ала үркіп, мазасы болмай кетті. Бізде мылтықты қолға ала оқтап үлгергенше жақын келген аюдың аттарға қарай ұмтлмасы бар ма? Қолына қанжары мен жанып жатқан ағашты ала жүгірген мына Қосшыбай атқа жеткізбей шаланы лақтырғанда, қаймығып тұрып қалған жыртқышқа менде мылтықты басып үлгергем. Оқ тиген аю жығылып барып қайта сүйретіле сайға қарай түсіп кетті. Екі атты қалмақша қаңтарғанымыз қандай жақсы болған. Бірінбірі үзіп кете алмай тұрып қалыпты. Ертесі топ қарағай арасынан табылған аюдың терісі бізге бұйырып тұр екен.

Әңгіме құмар Шалғынбай бүркітші қандай тақырыпта сөз қозғаса да мәнерлі қоңыр үнімен айтар ойын әсерлендіре жеткізгенде тыңдаушыны өзіне ұйытып алатыны бар еді. Сол әдетімен бүгінде кешкі дастархан үстіндегілерді қызықты хикаяларымен өзіне мойын бұрғызып үлгеріпті. Алғаш сөйлей бастаған сәтте – ақ бүкіл дене қимылы қозғалақтап, бас кимін екі шекеге жиі ауыстырумен тынымсыз күйге түсе берген. Бірақ бұл көрініс сырттай қарағанда қызу талқыдағы пікір жарысының билігін қолға алған адамдай жылы әсер қалдыратын еді. Жасынан аңшылықпен сонау Ақсу, Сарқан, Текелі жақты көп аралайтын құйма құлақ Шалғынбайдың білмейтін әңгімесі, сол тауды араламаған жері болмайтын.

Сонау Ойрат шапқыншылығынан кешеге дейінгі аралықтағы өткен оқиғаны аңыз әңгіме ретінде елді ұйыта тыңдатып отырғанда, аузың ашылып, көзің жұмылғанын өзің сезбей қаласың. Аңшының осы артықшылығын жақсы білетін Құсанбек бұрын анда – санда ел аузынан құлағы шалып қалып жүретін оқиғаның аныгын білгісі келіп:

– Шалғынбай аға, бағана бір айтқан әңгімеңіздің арасында «Қыз ұясы» деп жер атын атап қалдыңыз. Ол неге олай аталған екен? Ол қай жерде болған? Сол жағынан хабарыңыз болса, айта отырсаңыз.

– Құсанбек, қарағым, әкем Арғынбай атақты аңшы болып өткенін сен жақсы білесің. Мені кішкентайымнан қасына ертіп баулыған сол кісі ғой. Осыдан көп жыл бұрын Қаратал өзенінің бойындағы бір жегжатын іздеп барып, бір жетідей қонақ болып қайтқанымыз бар. Жегжаты ақсақалды үлкен адам екен. Әңгімесі де құлаққа жағымды, көңілге қонымды көрінді. Сол қонақ болып жатқан күндердің бірінде әкемнің тізесіне сүйеніп отырып, ақсақалдың «Қыз ұясы» деген әңгімесін тыңдаған едім. Бірақ сонша жылдан кейін бұл өткен тарихты мен өз аузымнан алғаш рет өзіңе айтқалы отырмын. Ұмытып қалмасам жарар еді. Ел арасында аңыз болып кеткен дүние ғой. Білгенімше баяндайын.

– Ой, бәрекелді, құлағым сізде!

Базархан ЖАҚЫБАЕВ,
жазушы, ҚР Мәдениет саласының үздігі.

Жалғасы бар

МАХАББАТҚА СЕНБЕСЕМ...

Нұргүл Әбдімұратқызы Оқашева – 1990 жылдың 3 желтоқсанында Қызылорда облысы, Арал ауданына қарасты Мергенсай ауылында дүниеге келген.

***

Өлтірмеді Мені Мұң емдемеді,
«Періште» деп сенгенім «пенде» ме еді?!
Өзегіме Өрт қойып өзгелердей,
Өкіндіріп кеттің ғой Сен де мені...

Сатқындығын Сезімнің бір ұқтырып,
Ессіз шақты еске сап...ұмыттырып...
Сүйреп келе жатырмын "сүйегімді",
Күйреп келе жатырмын күліп тұрып...

Бірін-бірі адамдар сатады, ақтап,
Әлем үнсіз Күнәға батады аппақ.
Менің жеңілісіме күле қарап,
Ағаштар тұр қолдарын шапалақтап.

Алыстады Ардақтым "сенем" деген,
Сол күн теріс айналды Әлем менен.
Мен тағы да ең адал Жалғыздықты,
Жалғыз өзім қарсы алдым...Өлеңменен...

***

Аша алмай сырын іштегі Өлеңге күліп,
Сен жаққа қарай береді елеңдеп Үміт.
Нағыз биіктің қол жетпес боларын білдім,
Тамсанып қарап Тұлғаңа төменде тұрып...

Сағынышыма тұтқын қып бұла бағымды,
Жаңбырмен бірге қосылып жылағанымды
ақтара алмай, амалсыз, солқылдап тұрып,
Төсіне түнде Өлеңнің құлағанымды...

Күйігі болсаң күйінген шағымның, Өртен,
Осылай бәрін күл етші бағымның көркем.
О, Мен қанша тірліктің Сауабын жинап,
О, Мен қанша Күнәмнан арылдым екен?!

Шын күйреп тұрып бола ма жойылмауға да,
(Төзімің тағы Сыр бермей тойынды-ау жаңа).
...Махаббат деген - Қайғы да, Қуаныш та емес,
Өзіңнің әлсіздігіңді мойындау ғана!..

***

Меңдей түскен дертімді Сен емдесең...
Сені сүйген сәт сайын Өлең кешем.
Мен ұмытар едім ғой бәрін-бәрін,
"Сәлем" десең...

"Сәлеміммен Сезімім жетші" десін,
Көңілдегі бір Күйім көп түлесін...
Сен сыйлаған бақытты көтере алмай,
Ауысып кетсін Есім.

Ұнап сөзің... сене алмай жылап Сезім,
Сағыныш та сарқылып, құлап Төзім.
...Мына Әлемді жетеді өзгертуге,
Бір-ақ сөзің...

***

Сағындырдың...
Сенделттің...
"Ермек еттің"...
Арманыма алданып Мен де кеттім...
Күйім осы күйінген. Сенесің бе?
Сенсіз өмір сүре алмас халге жеттім.

Айырбастап сезімге бар ақылды,
Жабырқатты жанымды "жара" түрлі.
Сен Мен үшін Әлемсің, тұтас Әлем,
Бәлкім, Әлем Сен үшін жаратылды.

Алып-ұшқан бір күйді кешіп ішкі,
Арадағы бұза алмай бекіністі...
Аспан-Жердің сыймайсың ортасына,
Сезбейсің ғой Сен соны... Өкінішті...

***

Тым болмаса сыйламадың тәтті үміт,
Содан маған жолықпады бақ күліп...
...Қадірі жоқ сезімімді сен үшін,
Кеттім кеше көшелерге лақтырып...

Көз жасымды құрғатшы кел, жел-құрбым,
Дауасына айнал бір сәт дертімнің!

...Менде соңғы үміт бар-тын... соңғы үміт,
Оны да өзің үнсіздікпен өлтірдің...

Бәріне де даяр ем ғой кеше мен...
Тартысты да, таяқ жеді пешенем...
...ӨЗІМДІ -ӨЗІМ таба алмай келемін,
Сезімдерім қаңғып жүрген көшеден...

***

Өшті бәрі.
Сен де сөнші енді Үміт?!
Жүрмін тағы жылап жиі, кем күліп.
Жалғандағы жалғыз ғана "Жебеушім",
Кетіп қалды...
Келемін деп сендіріп...

Мен о баста-ақ кететінін білгенмін,
Кімге обалы сенген, сүйген күндердің?
"Рас кетті ме?"
Сұрақ қойып арманға,
Үмітіме үміт артып үлгердім...

Сүйген жүрек жабығар көп, жылар көп,
Өткен күндер көңілде тұр мұнар боп.
Кетіп қалды Ол.
Сеніп жүрмін - сол жаман,
"Оралатын шығар" деп...

***

Ессіз сүйіп, сүйсінген кезім де өтті,
Жылап...өксіп...өкпелеп...талып...күліп...
Тамшы-бақыт татырмай сезім кетті,
Бәрі жалған екенін тағы ұқтырып...

Сезімімнің күл-парша сынықтары,
Жүрегіме қадалды алданғанда ар.
Бүгін бәрі өзгеше, ұмыт бәрі,
Махаббатқа сенбесем таң қалмаңдар!

Сезім солай күйдіріп "қош" айтады,
Әз жанымның қалады жыр - емі боп.
...Саусақтарын ағаштар шошайтады,
Ақын келе жатыр деп жүрегі жоқ...

***

Сезіміңмен жарыстырып ой күшін,
Сағынышқа бола алмады көрік күз.
...Тағдыр деген төрешінің бәйге үшін,
Бәске тіккен ойыншықтары едік біз...

Мен жеңілдім.
Жалғыз досым - мұң ғана.
Мендік жайды түсінеді қайдан, кім?
Құдай саған бәрін беріп, бір ғана,
Сезім бермей қойғанына қайранмын!

Содан шығар сағына да алмадың,
Сағынышқа мендей, бәлкім, сенбедің.
Өртенбедің, дерт ембедің, жанбадың,
Кездесуге алып-ұшып келмедің.

Ақылыңның тыңдадың да "жарлығын",
Сезіміме сыйлап кеттің қаяу, сыз,
Мен кешетін жапырақтың барлығын,
Басып, жаншып, таптап өттің аяусыз.

Көре тұра құстардың да қайтқанын,
"Қош" демедің, қандай жансың еті өлген?!
Аппақ қарға арманыңды айтпадың,
Періштелер қанатымен көтерген.

Сүйіп тұрып қарсы шықпау егеске,
Қандай күйік жүректегі от сөнген.
Бәрі өзімнің қателігім емес пе,
Махаббатта әділдік бар деп сенген.

...Жеңдің солай. Алдамшы арман, шақ қайда?
(Керек шығар жер-жаһанға жар салу).
...Қабырғаңа қара тастай батпай ма,
Сол жеңісті жалғыз өзің қарсы алу?..

БҰРМАСАЙ ТОЛЫ – ГҮЛ, БҮРГЕН...

Мерей ҚАРТ –1989 жылы, 4-желтоқсанында Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Үштөбе ауылында дүние келген

***

Өзеннен сәл ғана тысқары,
Там үй тұр, аңғарда.
Маңайы – пейіштің құстары.
Өріп жүр аңдар да.

Бұлбұлдар шырқаған сылқым ән
тәтті сыр шертеді.
Там үйде бір қыз бар!...
Сыртынан,
күй кештім ертегі!

Бір кезде,
Иесі аулаға,
Шықты да, шіренді!
Күн суып кеткендей заматта.
Аспан да түнерді!

Сәлден соң, сұлу қыз шықты үйден!..
Күн шайдай ашылды!
Бүлдірген ерінін шық сүйген!
Жанары жасынды!

Сұқтандым.
Оянып құмарым.
Көңіл де гүлдеді.
Өмірдің маздатты шырағын
жымия күлгені!

Там үйге, таяуға батылым
жетпеді неліктен?!
Адасып қалды ма ақылым?..
Жүрек пе желіккен?!..

Ақыры шыдамым таусылды,
Өңім бе, түсім бе?!
Жүрегім қозғалды тау сынды,
кеудемнің ішінде!

Терезе тұсынан таң күліп,
Күн сүйді көктемше.
Түс көріп жатсам ғой мәңгілік,
өмірім өткенше...

КӨКЖАЛДЫҢ КҮРСІНІСІ

Көкірек-көзбен Көкке өрлеп,
Айға азу біледім.
Бүлкек желіп, бөктерлеп,
Жол ұшында түнедім.

Жортып жүрмін ұзақ күн.
Жауға толы маңайым.
Тағдырымдағы тұзақтың,
Талқандадым талайын.

Садаға деп қақпанға,
Сирағымды қалдырдым.
Апаныма ақпанда,
Маңырақ жанын алдырдым.

Сорым қалың, бес елі.
Бек қорғаным – тау, далам.
Жапалақтап кешегі
жауған қар да – жау, маған.

Бұраң жолға бір қарап,
«О, Тәңір!...»-деп, аһ, ұрғам.
Ажал-оқтай жылдам-ақ,
Оқпанынан атылған.

Өзіме өзім қырсығып,
Жаным толған тағы шер.
О, тасбауыр тіршілік,
Ал, қайсымыз қанішер?!

БҰРМАСАЙ

Бұрмасай толы – гүл, бүрген.
Құбылған қына – жиегі.
Еңкейсең болды ,
Бүлдірген
ерніңнен еппен сүйеді.

Бұрмасай толы – қарақат.
Қиылып жиі қарайды.
Мендегі сезім – алапат,
Таңшолпан тектес, арайлы.

Бұрмасай толы – долана.
Итмұрын жұпар аңқыған.
Осындай тылсым далада
Көңілім ерен шалқыған.

Атыңнан түспей көр енді,
Дәтіңді мойыл арбаса.
Өмір деп салдым өлеңді.
Өкінген сәтім – далбаса.

О, ғажап бері құлдилап,
Келеді баяу, қыз бала.
Алдынан шықтым ылдилап,
Қалың тоғайдан қызғана.

Шолпысы – шолпан-жұлдыздан.
Жүзігі – Күннен , сырғасы – Ай,
Ал , енді мені бұл қыздан
Адастыра көрме, Бұрмасай!

Әй, апыр-ай мына қыс,
Көкейге үрей үрлеген.
Көктем неге тым алыс?!,
Көңіл ғана бүрлеген.

Кеудемізден күзде ұшқан
құс па әлде, елес пе?!
Мұңның бәрі, біз құшқан,
Бақ сағымы емес пе?!

Ертіс беті тоң әлі,
Мұңнан тағы дір еттім.
Жауқазыны тоңады
Мен деп соққан жүректің.

Келгісі жоқ гүл-көктем...
Кеткісі жоқ мына қыс!..
Ақылымды жынды еткен
қобызымен бір Абыз?!

Әлегі мол әр күнім
қабағыма қарамас.
Менің шіркін-тағдырым,
Қар-жаңбыры аралас!Найзатас

НАЙЗАТАС

Бұлттарды дүлей жосылған,
Найзатас ұшы түйреген.
Айналдым әзиз басыңнан,
Құлжалар ғана билеген.

Сай-салаң жұрттың жыр-әні,
Бұлағың күйдей шертілген.
Қыраның алғыр, қырағы,
Желтаудан ұшып желпінген.

Әсемдеп Тәңір қалаған,
Сыры бар Сендік тастың да.
Төсінде жортқан абадан,
Тағдыры табан астында.

Осындай ғажап өлкенің,
Сұлуы таймас ғұрпынан.
Үр қызы сүйер еркегін,
Қар қызы ғашық сыртынан.

Шабытты шыңнан шақыртып,
Өлең отына шарпылғам.

Шөгетін атан, ат үркіп,
Найзатас-сенің нарқыңнан

Әдебиет — ардың ісі
Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Қазына
№4 (523) 29 қаңтар 2021 жыл

КІТАПХАНА - БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ АЙНАСЫ

Жастарымызға берілер білім мен тәрбиенің сапалы болуы – өзекті мәселе және бірінші орында тұр. Болашақ жастардың қолында десек, сол жастардың білімді, мәдениетті болуы шарт. Осы орайда еліміздегі бірден-бір рухани қазына ордасы – кітапхана. Заман талабына сай кітапханаларға қойылатын талап та жоғарылады: кітапхана – оқырманын қажетті кітаппен қамтамасыз етумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап жеткізуші болып табылуы тиіс. Осындай жан-жақты қызмет көрсетіп келе жатқан кітапханалардың бірі – Маңғыстау облысындағы жоғары білім көшбасшысы болып табылатын Ш. Есенов атындағы КТИУ (Yessenov University-дің (бұдан әрі - YU) кітапханасы. YU тарихын өткен ғасырдың 76-жылдарында Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының жалпытехникалық факультетінен бастаса, кітапханамыз да сол кездерден өз іргетасын қалады деуге болады.

Бүгінде YU кітапханасы ҚР Ұлттық кітапханасымен, еліміздің үздік жоғары оқуларының кітапханаларымен, сонымен қатар әлем кітапханаларымен тығыз байланыста және де ұдайы даму, жетілу үстінде.

Әлемге өз өзгертулерін алып келген пандемия кезінде де YU кітапханасы жұмысын тоқтатқан жоқ, керісінше жандандыра түсті. Мысалы, үнемі толықтырылып отыратын қордағы жаңа кітаптармен онлайн-таныстырулар, онлайн-көрмелер уақтылы жүргізіліп, әлеуметтік желілер арқылы хабарланып отырады. «Осындай қиын-қыстау кезде оқырмандарымызды қолдап, рухани азықпен қамтамасыз ету – біздің парызымыз», – дейді кітапхана қызметкерлері. Жұмыстың нәтижелі жүргізілуі басшы мен қызметкерлердің ұйымшылдығы мен табандылығында десек, кітапхана ұжымы да осы көрсеткіштерге сай екенін байқауға болады. Биылғы оқу жылының өзінде кітапхана қоры 5000-дай кітаппен толықтырылды. Сонымен қатар, YU кітапханасы электронды оқулықтармен де жабдықталды және жүйелі түрде толықтырылып отырады. Заман талабына сай оңтайландырылып жасақталған электронды оқулықтар білім қуған жастардың сұранысын қамтамасыз етуде. Кітапхана ішінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысы бұл киелі орынның оқу жылына жасақталған жұмыс жоспарындағы шараларға еш кедергісін тигізбей, олар да үздіксіз және уақтылы жүргізіліп отыр. Жыл бойы көркем шығармалар оқудан әртүрлі онлайн-сайыстар ұйымдастырылып, оған студенттер атсалысуда. Әрине жеңімпаз студент-оқырмандар сыйлықтармен, мақтау қағаздармен марапатталып, назардан тыс қалмайды. Мұндай шаралар студент-оқырмандардың кітапқа, көркем шығармаға деген қызығушылығын одан сайын күшейте түсері сөзсіз.

Бүгінгі даму мен өзгеру заманында да ұлттық құндылықтар мен оқырман арасын жалғастырушы кітапхана қоғамға ең қажетті орын болып қала бермек. Жазбамды Әбіш Кекілбаев атамыздың сөзімен аяқтағым келеді. «Мен кітапхананы ақыл-білім, адамгершілік ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазынаның сақшылары санаймын».

Ғалия АХМЕТОВА,
Ш. Есенов атындағы КТИУ,
Педагогика және психология
кафедрасының
аға оқытушысы.

КІТАП ЖАНСЫЗ, БІРАҚ ШЫНАЙЫ ДОС

Кітап оқу – мәдениеттің бір белгісі. Ең бірінші бұл түсінік әліппеден басталуы қажет. Қазіргі таңда ең жоғары сұранысқа ие болып тұрған кітаптар – мотивациялық кітаптар. Мотивациялық кітаптар дегенде бір нәрсені жақсы түсініп алуымыз керек. Кез келген адам өмір сүру деңгейінде біреу дамиды, біреу даму үстінде болады, енді бірі кәсіп ашқысы келеді. Әр кезеңде әртүрлі әсер етеді. Кәсіпте жетістікке жеткен бірсыпыра кәсіпкерлердің 70-80%-ы мотивациялық кітаптардың қатты әсер еткенін айтады. Оқырмандар мұндай кітаптарды өзін-өзі дамыту үшін, рухани биіктікке жету мақсатында, жеке өміріндегі мәселелердің шешімін тауып, өз мінезіндегі кемшілікті түзегісі келіп оқиды.

Оқырмандардың сұранысын қанағаттандыру мақсатында Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасының қоры қазіргі жаңа кітаптармен үнемі толықтырылуда. Мен сіздерге «Мазмұндама» қоғамдық қорының жетекшісі Шыңғыс Мұқанның 2020 жылы Алматы қаласынан шыққан «Оқуға тиіс 10 кітап» саммари сериясындағы құнды идеяларды оқырмандарға жеткізу үшін шығарылған ерекше кітаптарын оқуға ұсынар едім. Саммари – кітаптың басты идеяларына қысқаша шолу дегенді білдіреді. Бұл жинаққа өзін-өзі жетілдіру тақырыбын зерттеген айтулы ғалымдардың таңдамалы 10 кітабы еніп отыр. Олардың барлығы уақыт сынынан өтіп, адамзат ойының алтын қазынасына айналған таңдаулы туындылар.

Аталған 10 кітаптың «Көшбасшылық» және «Әр адам менеджер» атты кітаптары біздің кітапхананың қорына келіп түсті.

Лидердің басты жұмысы – өзгеріс. Егер қоғамда, ұйымда, отбасында және өз басыңыздағы жарқын өзгеріске жасампаздық пен басшылық еткіңіз келсе, «Көшбасшылық» жинағы сізге арналған деп біліңіз.

«Әр адам менеджер» кітабында бизнес саласын дамытқысы келетін жандар үшін, бизнестің үздіксіз жетілдіру процесіне ұмтылу негізінде менеджерлер қолдана алатын негізгі қағидаларды суреттейді.

Бұл кітаптарды оқу барысында уақыт үнемдейсіз және екі-үш күн оқитын кітаптың негізгі ойларын жарты-ақ сағат ішінде меңгересіз. Әр саладағы оқылуға тиіс он кітапты таңдап береді және де серияға енген кітаптар тізімі оқырмандардың сұранысы мен сарапшы мамандардың пікіріне сүйене отырып дайындалған. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тіл байлығыңыз құнарлана түспек.

Сонымен қатар, баршаға бақыт пен бақуатты өмір тілейтін халықаралық коуч маманы, журналист Мұхит Сапарбаевтың «AQSHA» кітабы кітапхана қорында бар.

Бұл кітапты оқи отырып қазіргі таңдағы жастар үшін алға мақсат құрып жетістікке жетудің жолдары, тиімді ақша жұмсау және еріншектік, жалқаулықтан құтылу жолдарын қарастырған. Мұқият оқып, жазылған құнды дүниелердің барлығын жүзеге асыру мақсатында жинақталған.

Әлемде шектеу жоқ, шектеу тек біздің миымызда ғана. Кітап оқу арқылы сана сәулетіміз артып, руханиат көкжиегіміз кеңейді. Асылында, оқып-білім алуға ешқашанда кеш емес. Өзіңді іліммен сусындату – өзіңді өзгеше өмір сүруге бағыттаумен тең.

Тұрсынхан БАҚЫТ,
Н.Байғанин атындағы
облыстық балалар
кітапханасының библиографы.
Ақтөбе қаласы

Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ
Директор – Бас редактор
Болат БАТЫР

● Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен 7 шілде 2016 жылы тіркеуден өтіп, №16061 –Г куәлігі берілді.
● *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414 –Г,10.10.2009 ж.)*

● «Үш қоңыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
● Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоңыр» редакциясының компьютер орталығында жасалып, «Дәуір» ЖШС баспаханасында (Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 –үй) басылды.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Суреттердің сапасына редакция жауап береді.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
● «Үш қоңыр» газетінің жазылу индексі: 64311
● Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.

e–mail: ushkonyr_gazeti@mail.ru
Редакция мекен–жайы: 050022, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі №145
Телефон: 8701–981–81–22
Таралымы 10000 дана Тапсырыс 523

(ЮНЕСКО, Франция, Париж қ.) сериялық басылымдарды тіркейтін ISSN Халықаралық орталығында тіркелген және халықаралық номер берілген
ISSN 2306-9686
Меншік иесі және шығарушы «Болат медиа» мекемесі